



ОҢТАЙЛЫ ОДАҚТАСТЫҚ ЖАҢА БЕЛЕСКЕ ЖОЛ АШАДЫ

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Қырғызстан Президентін Ақордада салтанатты түрде қарсы алды. Келіссөз алдында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Садыр Жапаров бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылының бастығы мемлекеттер басшыларына рапорт беріп, екі елдің әнұрандары шырқалды. Содан кейін президенттер шағын құрамда келіссөз жүргізді.

Мемлекет басшысы Қырғызстан Президенті сапарының екі тарап үшін де мән-маңызы айрықша екенін атап өтті.

— Бүгін біз Одақтастық қатынастарды нығайту және кеңейту туралы тарихи келісімге қол қоямыз. Осы маңызды құжат қазақ-қырғыз байланыстарының дамуына тың серпін беретініне сенімдімін. Ел аузында «Қырғыз бен қазақтай бір-біріне жақын халық жоқ» деген сөз бар. Бұл — дұрыс айтылған тұжырым, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.



Мемлекет басшысы Қазақстанның бұрын-соңды болмаған су тасқынымен күресіп жатқанын атап өтіп, осындай қиын-

қыстау кезде гуманитарлық көмек көрсеткені үшін Қырғызстан Президентіне және барша қырғыз халқына алғыс айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ-қырғыз қатынастарының қарқынды дамып келе жатқанына назар аударды. Президенттің

пікірінше, бұған белсенді саяси диалог, үкіметаралық және парламентаралық тығыз байланыстар ерекше серпін беріп отыр.

— Екіжақты сауда-экономикалық ынтымақтастық жылдан-жылға нығайып келеді. Былтыр өзара тауар айналымы 1,5 миллиард долларға жетті, яғни 26 пайызға өсті. Алдағы мақсатымыз алыс-беріс көлемін 2 миллиард долларға жеткізу. Сонымен қатар осы бағытта болашағы зор бірқатар жоба қолға алынды. Жалпы, сауда-экономикалық саладағы уағдаластықтар орындалып жатыр, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев екі мемлекет арасындағы дәстүрлі достық пен тату көршілік қатынастарды нығайтуға Қырғызстан Президентінің қосқан үлесін жоғары бағалайтынын жеткізді.

Өз кезегінде Садыр Жапаров қырғыз делегациясына қонақжайлық танытқаны үшін Қазақстан тарапына ризашылығын білдірді.

(Жалғасы 2-бетте)



АЙЛЫҚТА АЙЫРМАШЫЛЫҚ КӨП

Елімізде номиналды жалақы мен модальды жалақының арасындағы айырмашылық азаймай тұр. 2023 жылы модальды жалақы мөлшері орташа статистикалық деңгейден 4 есе төмен болды. Мәселен, былтыр төртінші тоқсанда номиналды жалақы көлемі 322,8 мың теңге болса, модальды жалақы 81,4 мың теңгені құраған. Бұл деректі finprom.kz сарапшылары келтірді.

» 5

ВАЙНШТЕЙН ЭФФЕКТИСІ: ЗАҢ ЖАҒАДАН АЛҒАНДА...



15 сәуірде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресуге бағытталған заңға қол қойды. Жаңа заң әйелдер мен балаларға қатысты қылмыстар үшін жазаны күшейтуді көздейді.

» 11

КАПИТАЛДЫҢ ЗАҢСЫЗ ТАСҚЫНЫНА ТОСҚЫН ҚОЙЫЛАДЫ

Қазақстан капиталды шығаруға бақылауды күшейтті. Осы орайда сәуір айында маңызды заң күшіне еніп отыр. Соның арқасында, Қаржы министрлігінің бағалауынша, бюджетке 100 миллиард теңгеге дейін қосымша қаржы түсуі мүмкін. Өйткені ол заң, мысалы, қазақ астығын, шикізатын шетелге тым арзанға сатуға тосқауыл қояды деп күтілуде.



КАПИТАЛДЫҢ БӘРІ «ҚАШҚЫН» ЕМЕС
Экономист-ғалым Леонид Григорьевтің түсіндіруінше, шенеуніктер арасында: «шетелге қашқан капиталды тегіс елге қайтаруға болады, бұл үшін жазаны қатайтса немесе керісінше, рақымшылық жарияласа жеткілікті» деген «ерекше аңыз», қате түсінік орнықты.

Осы мақсатта Қазақстанда үш рет капитал амнистиясы жүргізілді. Соңғы науқан 2014 жылғы 1 қыркүйектен 2015 жылғы 31 желтоқсанға дейін, яғни бақандай 15 ай бойы жалғасты. Бірақ соның өзі жағдайды өзгерте алмады.

» 4

САХНА ҚАТЕЛІКТІ КЕШІРМЕЙДІ



8-9
БЕТТЕР

БІШКЕК ТӨРІНДЕГІ БӘСЕКЕ: БАЛУАНДАР ЕКІ АЛТЫНМЕН АЯҚТАДЫ



16
БЕТ

ОҢТАЙЛЫ ОДАҚТАСТЫҚ ЖАҢА БЕЛЕСКЕ ЖОЛ АШАДЫ

(Басы 1-бетте)

ЖОҒАРЫ МЕМЛЕКЕТАРАЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСТЫ

Екі ел басшыларының төрағалығымен Қазақстан мен Қырғызстанның Жоғары мемлекетаралық кеңесінің алтыншы отырысы өтті.

Мемлекет басшысы қазақ-қырғыз қатынастары стратегиялық серіктестік рухында дамып келе жатқанын атап өтті.

— Біз одақтастық байланысты нығайтуды қолға алдық. Бүгін біз тарихи келісімге қол қоямыз. Осы маңызды құжат қазақ-қырғыз қатынастарының дамуына тың серпін беретініне ешқандай күмән жоқ. Сондықтан біз бұл келісімге үлкен үміт артып отырмыз. Оған біздің мүмкіндігіміз де, ынта-жігеріміз де жеткілікті. Жоғары мемлекетаралық кеңестің отырысы ынтымақтастық аясын кеңейтуге жол ашады деп санаймыз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент бүгінгі отырыс барысында екі ел ынтымақтастығының өзекті мәселелері талқыланып отырғанын айтты.

— Уақыт сынағынан өткен ықпалдастығымыздың болашағы зор екеніне кәміл сенемін. Бұл бағытта бір кісідей күш жұмылдыруымыз қажет. Осы орайда Жоғары мемлекетаралық кеңестің жұмысы қазақ-қырғыз қарым-қатынастарын дамытуға ерекше серпін беретініне сенімдімін, — деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Қырғызстан Президенті сан алуан бағыт бойынша серіктестікті одан әрі нығайту маңызды екенін жеткізді.

— Бүгінгі шара қырғыз-қазақ қатынастарын одан әрі нығайтуға ықпал етеді деп ойлаймын. Келіссөздердің дәстүрлі одақтастық және стратегиялық байланыс рухында өтіп жатқаны қуантады. Қырғызстан Қазақстанмен екіжақты байланыстарды тереңдетуге бағытталған сыртқы саясат жүргізіп отыр. Бір-бірімізді қолдап, келешекті ойлап, барлық мәселені бірлесіп шешкен дұрыс деп санаймын. Қырғызстанның атқарушы билік органдары екі ел арасындағы Жоғары мемлекетаралық кеңестің шешімдерін іске асыру үшін тиісті шараларды жүзеге асырып жатыр. Бүгінгі кездесулеріміз екі елдің өзара ынтымақтастығына тың серпін беретініне сенімдімін, — деді Садыр Жапаров.

Президенттер бүгінгі талқылауларды табысты болғанын, екіжақты ықпалдастықтың басымдықтары мен алдағы міндеттері айқындалғанын атап өтті.

І ДӘРЕЖЕЛІ «ДОСТЫҚ» ОРДЕНІМЕН МАРАПАТТАДЫ

Мемлекет басшысы Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаровқа І дәрежелі «Достық» орденін табыс етті.

Салтанатты рәсім барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Садыр Жапаровтың екіжақты қарым-қатынастарды дамытуға және нығайтуға зор үлес қосып отырғанын атап өтті.

— Қырғызстан — біздің ежелден еншісі бір, тамырлас туысы-



мыз. Ең жақын әрі сенімді стратегиялық серіктесіміз. Қос халықтың бауырластығы — өзара тиімді қарым-қатынастың алтын арқауы. Бұл іске Сіз зор үлес қосып келесіз. Мен оны жоғары бағалаймын, — деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан Қырғыз елімен стратегиялық әріптестік пен одақтастыққа негізделген ынтымақтастықты нығайтуға мүдделі. Біз болашаққа бірге қадам басамыз. Мәңгілік достығымыз бен мызғамас бауырластығымыз жалғаса береді.

— Сіз халықтарымыз арасындағы өзара тиімді байланыстарды нығайтуға зор еңбек сіңірдіңіз. Мен осыны ескере отырып, сізді І дәрежелі «Достық» орденімен марапаттау туралы шешім қабылдадым. Бұл — ерекше құрмет пен шынайы ризашылықтың белгісі. Осы марапат екі елдің қарым-қатынасын одан әрі дамытуға ықпал етеріне сенімім мол. Қазақстан мен Қырғызстанның достығы мәңгі жалғаса берсін! — деді Мемлекет басшысы.

Садыр Жапаров Қасым-Жомарт Тоқаевқа шын жүректен алғыс айтып, екі ел арасындағы стратегиялық серіктестік пен одақтастықты одан әрі нығайту үшін бар күш-жігерін салуға дайын екенін мәлімдеді.

БАҚ ӨКІЛДЕРІ ҮШІН БРИФИНГ ӨТКІЗДІ

Екіжақты келіссөздер мен Жоғары мемлекетаралық кеңес отырысының қорытындысы бойынша Қазақстан және Қырғызстан Президенттері бұқаралық ақпарат құралдары үшін бірлескен мәлімдеме жасады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қырғызстан Президентінің бұл жолғы сапарының екі ел үшін маңызы зор екеніне назар аударып, тарихи келісімге қол қойылғанын мәлімдеді.

— Бұл — Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы Одақтастық қатынастарды нығайту және кеңейту туралы шарт. Осы құжат өзара байланыстарды одан әрі дамытуға жол ашады. Екі елдің мүддесіне толық сай келеді. Яғни, ғасырлар бойы қалыптасқан бауырластық байланысты сақтауға

мүмкіндік береді. Елдеріміздің дәстүрлі достық және тату көршілік қатынастарын нығайтуға Садыр Нургожоевич зор үлес қосты. Сол үшін қадірлі әріптесіме алғыс айтамын, — деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, тараптар екіжақты ынтымақтастықтың өзекті мәселелері жөнінде жан-жақты пікір алмасып, нақты әрі маңызды келісімдерге қол жеткізген.

— Бауырлас екі ел арасында шешімін таппаған түйткілді мәселе болмауы керек деген ортақ байламға келдік. Сонымен бірге

нып жатқан Сауда-логистикалық индустриялық кешенді тез арада іске қосу жөнінде уағдаластыққа қол жеткізгенін айтты.

Бұдан бөлек, келіссөздер барысында агроөнеркәсіп секторындағы мүмкіндіктер талқыланды. Президенттің айтуынша, қазақ инвесторлары қырғыз экономикасының маңызды секторларын дамытуға үлес қосып келеді. Бұл ретте Мемлекет басшысы Қазақстан кәсіпкерлерінің қаржысына Ыстықкөл облысында күн энергиясы стансасын салу жоспарланғанын, сондай-ақ Жалал-Абад



сауда-экономикалық байланыстарды нығайтуға баса мән бердік. Қазақстан — Қырғызстанның сауда және инвестиция саласындағы негізгі серіктесінің бірі. Былтыр өзара тауар айналымы 1,5 миллиард долларға жетті. Келіссөздер барысында бұл көрсеткішті 2 миллиард долларға жеткізуге мүдделі екенімізді растадық. Жалпы, өзара сауда айналымын қысқа мерзімде едәуір арттыруға мүмкіндік бар. Біз өнеркәсіп өнімдерін және басқа да тауарларды экспорттауға дайынбыз. Қазақстан Қырғызстанға қазірдің өзінде 195 тауар түрі бойынша экспорт көлемін ұлғайта алады. Оның жалпы құны — 260 миллион доллар. Қырғыз елінің де Қазақстанға шығаратын өнімдері аз емес, — деді Президент.

Мемлекет басшысы қолда бар мүмкіндікті барынша пайдалану, әсіресе Үкіметаралық кеңес пен Аймақаралық форумның жұмысын жандандыру, шекарада салы-

тативтік кездесуіне белсене атсалысуға уағдаластық. Қазақстанның бірқатар халықаралық ұйымның төрағасы ретінде көтерген бастамаларын қолдағаны үшін қырғыз бауырларға ризашылық білдіреміз. Бүгінгі сапар екі елдің ынтымақтастығын одан әрі нығайта түсетіні анық, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде Садыр Жапаров Астанаға ресми сапармен келуге шақырып, қырғыз делегациясына көрсетіліп жатқан меймандостық сый-құрметі үшін алғыс айтты. Қырғыз Президенті бүгінгі кездесу екі мемлекет арасындағы одақтастық және стратегиялық серіктестікті мүлдем жаңа деңгейге шығаруға әрі оның мазмұнын байытуға ықпал ететініне сенім білдірді.

Қырғыз елінің басшысы Астанаға ресми сапары қарсаңында өткен Қазақстан-Қырғызстан бизнес-форумы шеңберінде, сондай-ақ былтыр Таразда өткен Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы Өңіраралық ынтымақтастық форумы аясында іскерлік байланыстар нығайтып, маңызды инвестициялық келісімдер жасалғанын айтты. Сонымен қатар келесі Өңіраралық ынтымақтастық форумы биыл Қырғызстанда өтетінін мәлімдеді.

Екіжақты келіссөздің, сондай-ақ Қазақстан мен Қырғызстанның Жоғары мемлекетаралық кеңесі алтыншы отырысының қорытындысы бойынша мынадай құжаттарға қол қойылды.

АЙКӨЛ МАНАС ЕСКЕРТКІШІНІҢ АШЫЛУ РӘСІМІНЕ ҚАТЫСТЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Садыр Жапаров Астанадағы Айкөл Манас ескерткішін салтанатты түрде ашты.

Мемлекет басшысы шарада сөйлеген сөзінде елордада мұндай еңселі ескерткіштің бой көтеруі, ең алдымен, қазақ халқының қырғыз ағайынға деген риясыз құрметінің белгісі екенін атап өтті.

— Екі жыл бұрын Бішкекте ұлы Абайдың ескерткіші ашылғанын білесіздер. Мен сол шараға арнайы барып қатыстым. Мұндай игі бастамалар екі елдің достық байланысын нығайта түсетіні сөзсіз, — деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев мыңжылдық тарихы бар Манас жырын барша адамзат руханиятында өзіндік орны бар бірегей мұра ретінде атап өтіп, оны тек қырғыз халқының ғана емес, тұтас түркі жұртының баға жетпес қазынасы деуге болатынын айтты.

Өз кезегінде Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров Манас жыры қырғыз халқының тарихи және рухани мұрасына айналғанын атап өтіп, ұрпақтан ұрпаққа жеткеніне тоқталды. Сонымен қатар Садыр Жапаров барша қырғыз елінің атынан Қасым-Жомарт Тоқаевқа және Айкөл Манас ескерткішін ашуға үлес қосқан азаматтарға ризашылығын білдірді.

Салтанатты шараға Қырғызстанның ресми делегация мүшелері және екі елдің зиялы қауым өкілдері қатысты.



ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗ ҚАТЫНАСЫ ДАМЫП КЕЛЕДІ

Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев Қырғызстан Жоғарғы Кеңесінің бұрынғы Төрағасы, Қырғыз Республикасының Батыры, Түркі мемлекеттері ұйымы Ақсақалдар кеңесінің мүшесі Медетқан Шеримкуловпен кездесті. Кездесу барысында тараптар өзара мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты одан әрі нығайтуда екі елдің зиялы қауымының рөлін және халықаралық алаңдардағы бірлескен іс-қимыл аясындағы мәселелерді талқылады.

Мәулен Әшімбаев қазақ-қырғыз қарым-қатынасы барлық салада қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті. Бауырлас елдердің екіжақты байланысына жоғары деңгейдегі белсенді диалогтың ықпалы зор. Бұл ретте осы күндері өтіп жатқан Қырғызстан Президентінің Қазақстанға ресми сапары ерекше мәнге ие.

Сұхбат кезінде Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасының Жоғары мемлекетаралық кеңесінің VI отырысында қол жеткізілген уағдаластықтарға баса мән берілді. Атап айтқанда, екі ел арасындағы одақтастық қатынастарды тереңдету және кеңейту туралы шарттың маңызы сөз болды.

Сонымен қатар тараптар парламент-аралық диалогты нығайту және саяси-

экономикалық, мәдени-гуманитарлық қарым-қатынастарды кеңейту мәселелеріне де назар аударды.

Сенат Төрағасы ғылым, әдебиет, мәдениет, өнер, тарих, руханият салаларындағы ынтымақтастықты дамытуда және түркі әлемінің бірлігін нығайтуда зиялы қауымының әлеуетін пайдаланудың маңызы зор екенін тілге тиек етті.

Өз кезегінде Медетқан Шеримкулов ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен Қазақстанда жүргізіліп жатқан әлеуметтік-экономикалық және саяси реформалар аясындағы жұмысты жоғары бағалады. Сондай-ақ ол ортақ мәдени және адамгершілік құндылықтарды дәріптеу ісінде Ақсақалдар кеңесі аясындағы белсенді өзара іс-қимыл үшін алғысын білдірді.

ЛОТЕРЕЯ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖОБАСЫН ҚАРАЙДЫ



Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.

Депутаттар бірінші оқылымда ойын бизнесі, лотерея және лотерея қызметі мәселелері жөніндегі заң жобасын қарайды.

Бұл жаңа жобасы мен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске өзгеріс енгізу туралы ілеспе заң жобасын Парламент депутаты Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау үшін азаматтарды құмар ойындар мен бәс тігуге қатысу кезінде ойынға тәуелділікті (лудоманияны) қалыптастырудан қорғау мақсатымен әзірледі.

Ұсынылған түзетулер 25 жасқа толмаған жеке тұлғаларға, қатысуы шектелген және борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізілген тұлғаларға ойын және (немесе) бәс тігуге қатысуға тыйым салуды белгілеуге бағытталған. Сонымен қатар лотерея билеттерін таратуға (сатуға) бөлек талаптар енгізіліп, букмекерлік кеңселер мен лотереяларды жарнамалауға тыйым салу көз-

делген. Электронды казинолар мен онлайн казинолардың қызметін ұйымдастырғаны үшін қылмыстық жауапкершілік, сондай-ақ 25 жасқа толмаған және құмар ойындар мен бәс тігуге қатысуы шектелген тұлғаларды қатысуға жібергені үшін әкімшілік жауапкершілік енгізіледі.

Бірінші оқылымда депутаттарға масс-медиа мәселелері бойынша Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске бұрын Мәжіліс қабылдаған «Масс-медиа туралы» заңның ережелерімен үйлестіру мақсатында әзірленген Үкімет енгізген түзетулерді қарау ұсынылады.

Жалпы отырыстың күн тәртібінің жобасына екінші оқылымда жанарғылатын энергия көздерін, электр энергетикасын және табиғи монополияларды пайдалануды қолдауға қатысты депутаттардың заңнамалық түзетулері талқыланатын болады.

ҚАЙТА ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖҰМЫСТАРЫНА КІРІСТІ

Еліміздің бірқатар өңірінде болған су тасқынына байланысты жергілікті ауқымдағы төтенше жағдай режимі 38 елді мекенде сақталып отыр. Дегенмен бірнеше аймақта жағдай тұрақталып, Төтенше жағдайлар министрлігінің соңғы мәліметтері бойынша 19 715 адам үйлеріне оралды.

«АМАНАТ» партиясы жанындағы «Жастар Рухы» жастар қанатының волонтерлері жағдай тұрақталған аймақтарда тұрғындарға көмектесіп жатыр.

«Жастар Рухы» жастар қанатының төрағасы Акерке Ескендірованың айтуынша, волонтерлер тек қарғын сумен күресу жұмыстарына ғана емес, үйлерді қайта қалпына келтіруге де жұмылдырылуда.

«Еліміздің бірнеше аймағында су деңгейі түсіп, тұрғындар үйлеріне оралуда. Біздің волонтерлер азаматтардың үйлері мен үй аумағын тазалап, қалпына келтіру жұмыстарына қол ұшын созуда. Қалпына келтіру



шаралары Қостанай облысының аудандарынан басталып республиканың басқа да өңірлерінде жалғасын табады. Көмекке мұқтаж тұрғындар әр аймақта орналасқан «Жастар Рухы» жанындағы штабтарға жүгіне алады», — деді А.Ескендірова.

Күні кеше арқалықтық волонтерлер Новый кентінде тұратын жал-

ғызбасты зейнеткердің үйіне барып, көмек көрсетіп қайтты. Апат басталғалы оқиға орнының басы-қасында жүрген Акбаян Жаңбырбай су тасқынының алдын алу жұмыстарымен қатар қалпына келтіру істеріне де атсалысып жүргенін айтты. Кейуана көмек көрсеткен жастарға алғысын білдіріп, батасын берді.

ҚОСТАНАЙЛЫҚТАРҒА ҚҰҚЫҚТЫҚ КЕҢЕС БЕРІЛДІ

Қостанайда «Құқықтық көмек» партиялық жобасы аясында су тасқынынан зардап шеккен адамдарға арнап көшпелі қабылдау ұйымдастырылды.

Құқықтық көмек көрсету орны Ш.Қабылбаев атындағы ПМ Қостанай академиясының ғимаратында орналасқан эвакуациялық пункт болып бекітілді.

Көшпелі қабылдауға қатысушылар құрамына Қостанай облысы Әділет департаментінің басшысы Әлия Аманжолова, Қостанай адвокаттар алқасының адвокаттары Александр Лебедев және Жанар Шопағұлова, нотариустар Бауыржан Сәдуаев пен Бидаш Нұрмақова, Қостанай облысының «Заңгер» заң консультанттары палатасының мүшелері Аида Серікова және Алина Айтова кіріп отыр.

Қабылдауға келген азаматтар су тасқынынан бүлінген мүлікке біржолғы көмек көрсету мен өтемақы алу мәселелері бойынша кеңес алды.

Азаматтардың дені су астында қалған дүние-мүліктің мәселесі алаңдататынын айтты. Түйткілдің түйінін шешу негізінен жергілікті әкімшілік пен тұрғылықты жері бойынша атқарушы органдарға жүгініп, шығынды нақты әрі сауатты етіп жазып, бағасы мен тізімін қоса ұсыну туралы айтылып, кеңес берді.

Сондай-ақ азаматтарға кез келген заңгерлік сұрақтар бойынша «АМАНАТ» партиясының облыстық филиалына жүгінуге болатыны ескертілді.

Заңгерлік көмек көрсету мекенжайы: Қостанай қаласы Гоголь көшесі, 111, тел.: 8771 430 53 04.

Қазақстан капиталды шығаруға бақылауды күшейтті. Осы орайда сәуір айында маңызды заң күшіне өніп отыр.

Соның арқасында, Қаржы министрлігінің бағалауынша, бюджетке 100 миллиард теңгеге дейін қосымша қаржы түсуі мүмкін. Өйткені ол заң, мысалы, қазақ астығын, шикізатын шетелге тым арзанға сатуға тосқауыл қояды деп күтілуде.

Айхан ШӘРІП

КАПИТАЛДЫҢ БӘРІ «КАШҚЫН» ЕМЕС

Экономист-ғалым Леонид Григорьевтің түсіндіруінше, шенеуніктер арасында: «шетелге қашқан капиталды тегіс елге қайтаруға болады, бұл үшін жазаны қатайтса немесе керісінше, рақымшылық жарияласа жеткілікті» деген «ерекше аңыз», қате түсінік орнықты.

Осы мақсатта Қазақстанда үш рет капитал амнистиясы жүргізілді. Соңғы науқан 2014 жылғы 1 қыркүйектен 2015 жылғы 31 желтоқсанға дейін, яғни бақандай 15 ай бойы жалғасты. Бірақ соның өзі жағдайды өзгерте алмады.



«Саясаткерлер шетелге кеткен қаржыны салықтық базаны ұлғайтудың, сөйтіп елді дамытудың пайдаланылмай жатқан резерві ретінде қарастырады. Бұл күрделі дағдарыс кезінде экономикалық ғажайыпты іздегенмен бірдей. Капиталдардың сыртқа «қашуы» проблемасын талқылауды осылай экономикалық ғылымнан саяси өріске ауыстыру елге тек зиян әкеледі. Өйткені ары қарай тоқтаусыз ағып кетіп жатқан капиталға тосқауыл қою шаралары қарастырылмайды. Шетел асқан қаржының бәрі «қашқан капитал» емес, оның басым бөлігін заңды қаражаттың халықаралық қозғалысы, капитал экспорты құрайды. Біліктің міндеті — ұғымдардың ара-жігін заң жүзінде нақты ажыратып, капиталды заңсыз жылытату схемаларын тойтаратын тегеурінді тетіктерді әзірлеу», — деді экономист-ғалым.

Кеткен қаржы негізінен, қайтпайтын болса, ең құрығанда қолдағы барға ұқыпты болу қажет. Сарапшылардың пікірінше, тәуелсіздіктің алғашқы отыз жылдығында амнистиямен бекер әуестенген Қазақстан Үкіметі енді осы дұрыс бағытта алғашқы қадам жасай бастады. Бұл ретте 2024 жылғы 25 наурызда Президент Қ.Тоқаев «Кейбір заңнамалық актілерге трансферттік баға белгілеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына қол қойды.

Құжат Мемлекет басшысының 2020 жылғы Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 37-тармағын орындау мақсатында әзірленді.

КАПИТАЛДЫҢ заңсыз тасқынына ТОСҚЫН ҚОЙЫЛАДЫ

Заң Қазақстанның трансферттік баға белгілеу саласындағы заңнамасын жетілдіруге және тиімділігін арттыруға, капиталдың елден шығарылуын бақылау шараларын күшейтуге, сондай-ақ халықаралық іскерлік операцияларға байланысты мәмілелердегі мемлекеттік кірісті жоғалтудың алдын алуға бағытталған.

Сенатор Ольга Булавкинаның айтуынша, бұл заңның басты бір жаңалығы сол, оған сәйкес салық төлеушілер, компаниялар халықаралық мәмілелерді жүзеге асырған кезде екіжақты келісімде көрсетілген бағадан емес, нарықтағы баға бойынша салық төлеуге міндеттеледі. Белгілі бір нарықтық бағаны анықтап, соны салық төлеуде қолдану үшін бұдан былай салық төлеуші өз бетінше қажетті ақпаратты жинап, функционалдық талдау жүргізуі керек.

Бірақ сенатор бір қаупін білдірді: өзара байланысты тұлғалар арасында жасалған мәмілелерде нарықтық әділ бағаны анықтау үшін «өзара салғастырылатын деректер» табу қиында. Себебі өзге компаниялардың ұқсас мәмілелерінен алайын десе, контрактілердің шарттары әдетте жариялана бермейді, коммерциялық құпия ретінде заңмен қорғалады.

Бұл олқылық отандық экспорттаушыларға салықшылардың орасан зор айыппұл салуына, соның кесірінен банкрот етуіне соқтыруы ықтимал.

Қаржы вице-министрі Ержан Біржанов бұған жол бермеудің жолдары қарастырылып жатқанын айтты. Мысалы, өзара салғастырылатын бағаны таба алмаса, компания тікелей Мемлекеттік кірістер комитетінен кеңес сұрап, жүгіне алады.

— Салық төленгелі тұрған бағаның қаншалықты нарықтағы бағаға сәйкес келетінін тексергенде, бүгінде біз «Плац», «Аргус», «Рефинитив» сияқты ақпараттың ресми дереккөздеріне сілтеме жасаймыз. Нарықтағы әрбір өнім бойынша төл дереккөздері бар, оларды тек қазақстандық салықшылар ғана емес, шетелдік әріптестеріміз де қолданады. Бұлар — жалпыға белгілі анықтамалықтар. Оларды салық төлеушілеріміз де басшылыққа алады. Мәміле бекітуден бұрын немесе мәміле аяқталғаннан кейін Қазақстанда салық төлеуші болып табылатын тарап біздің фискалдық органға өтінішпен жүгіне алады. Оған тиісті түсініктеме береміз. Осы мақсатта есептілікті енгізіп отырмыз, соның арқасында цифрларды уақытылы түзете аламыз, — деді Ержан Еріқұлы.

Салықшылар жылда компанияларға жаппай тексеріс жүргізіп, соның қорытындысында қапталып, қомақты айыппұл салатыны мәлім.

Бұған қосымша опция пайда болды: мемлекеттік кірістер органдары төленген салыққа, есептілікке мониторинг жүргізеді де, компанияларға ұсыныс-рекомендацияларын жолдайды. Салық төлеушіге айыппұлға жеткізбей, қатесін өз бетінше, алдын ала түзетуге, басқа нарықтық бағамен жете салық төлеуге немесе төл шешімінің дұрыстығын түсіндіруге мүмкіндік беріледі екен. Вице-министр тиісті жұмыстардың қазірден жүргізіліп жатқанына екпін түсірді.

Президенттің жаңа заңға қол қоюына байланысты Қаржы министрлігі «Атамекен» ұлттық палатасымен, бизнес қоғамдастықпен ақылдасып, өзге елдердің ұқсас тәжірибелерін түсіндіріпті. Палата және салалық қауымдастықтар қалың ұйқыға кетпей, сергек жұмыс жасаса, өзіне мүше кәсіпкерлерге өмірге жолдама алған жаналықтың жай-жапсарын, бүге-шігесін белсенді түсіндірсе, түсінбестік, тосылу болмаса керек.

Президенттің сонау 2020 жылғы Жолдауындағы тапсырмасының енді ғана заңға айналып, міндетті талапқа трансформациялануының бір себебі де осында екен: өткен жылдар бойы капиталдың шетке заңсыз кетуіне, бюджетке салықтың жосықсыз аз төлеуіне тоспа құратын жаңа тетіктің егжей-тегжейі түсіндірілген, оны енгізуге дайындық жұмыстары іске асырылған.

ДЕЛДАЛ «ПАРАЗИТТЕРМЕН» КҮРЕС ӨРІСТЕЙ МЕ?

Жаңа заңның тағы бір маңызды жаңалығы бар: ол бойынша тауар биржаларында жасалған мәмілелерге бақылау енгізіледі.

2019 жылы Үкімет пен Парламент биржаларды дамыту мақсатында «Трансферттік баға белгілеу туралы» заңының 3-бабына өзгеріс енгізген болатын. Нәтижесінде, содан бері трансферттік баға

белгілеу бойынша бақылау «елдің тауар биржаларында биржалық тауарлармен жасалған мәмілелер бойынша» жүзеге асырылмай келді.

Бүгінде көмір, газ, бензин, дизель отыны, битум, цемент, соя бұршағы, картоп, ұн, кант, бидай, арпа, макта, өзге де көптеген тауар ірі көлемде тек биржа арқылы сатылады. Мұны өндірушілер салықты аз төлеу үшін пайдалана бастады. Мысалы, компания өндірген өнімін биржада тіркелген төл делдалдарына, соның ішінде шетелдік фирмаларға арзанға сатады. Өз кезегінде делдалдар өнімді нарыққа бірнеше есе қымбатқа өткізеді.

Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің мәліметінше, мәселен, 2023 жылы «Шұбаркөл көмір» АҚ-ы өзі өндірген көмірін тек қана Modern Trading Solutions тауарлық биржасы арқылы сатуға шешім қабылдады. Осыдан кейін Modern Trading Solutions биржасы өзінде тіркеліп, Шұбаркөл көмірін сатып алғысы келген брокерлер мен дилерлерден жарғылық капиталдың 4%-ы көлемінде кіру жарнасын төлеуді талап ете бастаған. Бұл шамамен 95 миллион теңгеге барабар. Бұдан бұрын, 2023 жылғы 23 мамырға дейін оның біржолғы жарнасы 500 мың — 1 миллион теңгені құраған еді.

Осы арқылы биржа «дұрыс» делдалдардан өзгелердің мүше болып, келісімді бағаны бұзуына тосқауыл қойғанға ұқсайды. Сол себепті антимонополиялық орган «Modern Trading Solutions» тауар биржасы» АҚ-ына монополияға қарсы заңнаманы бұзуға жол бермеу туралы алдын ала ескерту жіберді. Осыдан кейін аталған биржа біржолғы жарна мөлшерін 20 миллион теңгеге дейін төмендетті. Алайда осының өзінде жарнасы көмір саудасымен айналысатын басқа тауар биржаларына қарағанда 133 есе көп! Өзгелерінде кіру жарнасы 150 мыңнан 3,5 млн теңгеге дейінгі аралықта.

Биржаларда қитұрқы тірліктер көбейіп кеткендіктен, мемлекет жаңа заң арқылы тауар биржасында жасалған мәмілелерге мемлекеттік бақылауды қайтарып отыр.

Қаржы вице-министрі Ержан Біржанов 2019 жылы заңнамаға енгізілген өзгерістер отандық тауар биржаларын дамытуды мақсат тұтқанын еске салды. Өйткенмен, Ұлттық статистика бюросының, антимонополиялық органның, министрліктердің қорытынды ақпараттары биржалардың дамуында серпін жоқтығын, аталған жеңілдік, яғни биржалардағы мәмілелерге мемлекеттік бақылаудың жойылуы теріс мақсатта пайдаланылатынын паш етті.

«Бұл жеңілдік салаға оң әсерін тигізген жоқ, тауар биржаларында сатылатын тауарлардың көлемі де, операциялар саны да салмақты өскен жоқ. Оның орнына аталған жеңілдік жаппай жаңа схемаларда қолданылған. Мысалы, газды, дәнді дақылдарды биржа арқылы қасақана төмен бағаға сату фактілері анықталды. Айталық, Өзбекстанға, Тәжікстанға, Ауғанстанға 25%-дан 110 пайызға дейін жасанды түрде арзандатылып сатылып келген. Тауар шынымен тікелей ашық биржада сатылғанда, тауарлардың бағасы ең кемі 25% қымбаттайтын еді. Керісінше, арзанға кетуін — сатып алушы мен сатушының келісіп жасаған өрекеті деп санаймыз», — деді вице-министр.

Мұның сыртында кілең дамыған елдер ғана кіретін Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЫДҰ) Қазақстанға рекомендациясында биржаларға ұсынылған мұндай негізсіз жеңілдікті алып тастауға кеңес беріпті.

Егер ұтымды, тиімді қолдана білсе, бұл заң халық пен мемлекетке қатар залал келтіріп отырған делдалдардың табанына тас қоюға мүмкіндік береді. Қазақ жерінің қойнауынан тоқтаусыз алынып жатқан ен байлықты шетке шығарғанда, әділ бағасынан салық өндіруге жол ашады. Ел бюджетіне корпоративті салықтан қосымша миллиардтар ағындайды. Сондай-ақ капиталды сыртқа әкетудің біраз арнасын сұйылта алуы да ықтимал.



Елімізде номиналды жалақы мен модальды жалақының арасындағы айырмашылық азаймай тұр. 2023 жылы модальды жалақы мөлшері орташа статистикалық деңгейден 4 есе төмен болды. Мәселен, былтыр төртінші тоқсанда номиналды жалақы көлемі 322,8 мың теңге болса, модальды жалақы 81,4 мың теңгені құраған. Бұл деректі finprom.kz сарапшылары келтірді.

Бауыржан БАЗАР

Айта кетейік, номиналды және модальды деген ұғымдар — орташа айлық жалақыны есептеудің әдістемесі. Оны Ұлттық статистика бюросының (ҰСБ) мамандары математика амалдарын қолдана отырып жасайды. Яғни, номиналды жалақы дегеніміз — қызметкердің күндік, апталық, айлық еңбегі үшін төленетін қаражат. Дегенмен қаржы мамандары номиналды жалақы халықтың тұтыну көрсеткіші мен тұрмыс деңгейін толық сипаттай алмайтынын айтады. Ал модальды жалақы — ең жиі кездесетін жалақы мөлшері, ол көбінесе қызметкерлердің санын қамти отыра есептеледі. Бүгінде сол жалдамалы қызметкерлерге төленетін номиналды және модальды жалақысы арасындағы алшақтық жоғары, 2022 жылы ол көрсеткіш 4,5 есе болатын.

[Finprom.kz](http://finprom.kz) сарапшылары экономикалық қызмет түрлері бойынша деректерді саралай келе, модальды жалақы саладағы табыс деңгейіне байланысты қалыптасатынын айтады. Мәселен, тау-кен өнеркәсібінде номиналды жалақының орташа деңгейі айтарлықтай жоғары (608,7 мың теңге), сондай-ақ модальды жалақы — 417,7 мың теңге. Өйткені тау-кен және мұнай өндірісі кәсіпорындарында кездесетін жалақы республикадағы ең жоғарғы көрсеткіш саналады.

Айырмашылық АЙЫРМАШЫЛЫҚ КӨЛ

Одан кейінгі орынға IT секторы мен байланыс саласы шыққан. ҰСБ деректеріне сәйкес, «айтишниктер» мен ақпараттандыру мамандарының модальды жалақысы 297,5 мың теңге көлемінде. Осы сомаға жақын жалақыны (295,8 мың теңге) логистика саласындағылар алады. Модальды жалақы бойынша төменгі көрсеткіш — қызмет көрсету саласы, сауда және білім беру ісінде. Мұндағы жайт білім беру саласында қызметкердің көптігімен және олардың көпшілігінде табыстың аздығымен түсіндіріледі.

Бір есептен модальды жалақы — еңбек нарығының индикаторы. Бұл тұрғыдан келгенде Қазақстандағы жалдамалы қызметкерлердің басым бөлігінің орташа атаулы жалақыға (322,8 мың теңге) қолы жетпейді. ҰСБ былтырғы деректеріне қарасақ, жалдамалы қызметте жүргендердің 60,4%-ы 300 мың теңгеге дейін ғана табыс тапқанын байқаймыз. Еңбеккерлердің жалпы санының төрттен бір бөлігі 300 мың теңгеден 500 мың теңгеге дейін, 11,4%-ы 500 мыңнан 1 млн теңгеге дейін алады. Елімізде айлығы миллион теңгеге жететіндердің саны — 78,3 мың адам, яғни 2,3% ғана.

Ел тұрғындарының орташа жалақы көрсеткішін анықтаудың бір тәсілі — медианалық жалақы көрсеткіші. Медианалық жалақы төлемінің цифрі елдегі жұмыскерлердің 50%-ы азырақ, ал 50%-ы одан көбірек алатынын білдіреді. Яғни, компаниядағы штат құрамы 5 адам деп алайық. Басшысының айлығы 600 мың теңге, басқа қызметкерлердің жалақысы сәйкесінше: 450 мың, 200 мың, 170 мың, 150 мың теңге. Міне, мамандар мұндағы жалақының медианалық мәні 200 мың теңге деп есептейді, себебі екі қызметкер көбірек (600 және 450 мың теңге), ал екеуі азырақ (170 және 150 мың теңге) алып тұр. Осы себептен, сарапшылар медианалық жалақыны халықтың табысының неғұрлым шынайы көрсеткіші деп санайды.

Егер жалақыға қатысты деректерді өңірлер бойынша қарастырсақ, еңбек нарығындағы индикатор да бірнеше есе ерекшеленіп көрінетініне көзіміз жетеді. Мысалы, Астанада жалдамалы қызметкерлер 2023 жылы орта есеппен алғанда 297,5 мың теңге табыс тапса, бас қаланың айналасындағы Ақмола облысында көрсеткіш — 82,1 мың теңге. Айырмашылық бірнеше факторларға байланысты. Мамандардың пайымынша, аймақтар мен мегаполистерде ең төмен жалақы алатын салалардағы жұмысшылар саны да әртүрлі.

келген қызметкер жалақысы жылдан-жылға өсіп келе жатқанына қатты қуанатыны сөзсіз. Дегенмен бұл нақты емес, бұл жерде атаулы көрсеткіш туралы сөз қозғалып жатқанын есте сақтаған жөн. Біріншіден, деректер төлеуге жататынына емес, есептеуге жататынын көрсетіледі. Шынайы алып қарасақ, қызметкер шамамен 20%-ға аз алады, өйткені осы сомандан салықтар мен аударымдар ұсталады. Екіншіден, статистика тек сандардың тілін, ал «атаулы» сөзі тек ақша қаражаттарына қолжетімді тауарлар мен қызметтердің баламасын емес, тек ақша баламасын ғана көрсетеді», — дейді маман.

Ұлттық статистика бюросы сарапшыларының есебінше, былтыр модальды жалақы нақты мәнде 1,6%-ға өскен. Тіп-

карулы бандиттей қорқынышты, қанқұйлы кісі өлтірушідей ажал жеткізуші» деп сипаттаған екен. Айтса айтқандай-ақ. Қазақстан халқының тапқан табысын жеп, тиынынан теңге құратпай, жалмап отырған да осы — инфляция атты құдырет.

2023 жылғы Әлемдік бәсекеге қабілеттілік рейтингіне (IMD) қатысқан 64 елдің ішінде Қазақстан (48, 24%) 59-орынды иеленді. Аталған рейтинг азық-түлікке жұмсалатын шығындар көрсеткіші негізінде түзілген. Тізімнің басында АҚШ (6,49%), Сингапур (6,9%), Ұлыбритания (8,19%), Швейцария (8,82%), Ирландия (8,98%), Канада (9,77%), Аустрия (10,38%), Аустралия (10,82%), Финляндия (11,09%) және Германия (11,26%) мемлекеттері тұр. Euromonitor International деректеріне сәйкес, Африканың кейбір елдерінде тұрғындардың азық-түлік тауарларына жұмсайтын шығындары Қазақстанға қарағанда аз: Эфиопияда — 41,3%, Угандада — 44,2%, Камерунда — 45,2%.

Әкономистер ел неғұрлым бай болса, азық-түлікке жұмсалатын шығындардың үлесі соғұрлым аз болады деп пайымдайды. Демек, тамақтан артылған қаражат ақылы қызметтерге және басқа да қажеттілікке жұмсалуды тиіс. Алайда елімізде азық-түлікпен қоса, ақылы қызмет



Мәселен, тау-кен өнеркәсібінде номиналды жалақының орташа деңгейі айтарлықтай жоғары (608,7 мың теңге), сондай-ақ модальды жалақы — 417,7 мың теңге. Өйткені тау-кен және мұнай өндірісі кәсіпорындарында кездесетін жалақы республикадағы ең жоғарғы көрсеткіш саналады.



Екіншіден, көрсеткішке гигиена экономиканың үлесі мен шағын бизнестің даму динамикасы әсер етеді. Сондай-ақ бұл жерде көлденкелі экономика деңгейінің де көрінісі бар.

Экономикалық зерттеулер институтының аға сарапшысы Айгерім Аманжолова ресми статистика нақты жағдайдың бейнесін бермейтінін айтады. «Кез-

ті, кейбір өңірде көрсеткіш инфляцияны басып озған. Мәселен, Павлодар облысында ең жиі кездесетін жалақы 81%-ға, Шығыс Қазақстан облысында — 59%-ға, Ақтөбе облысында 52,9%-ға көбейді.

Инфляция демекші, АҚШ-тың 40-президенті Рональд Рейган кезінде инфляцияны «нашақор-тонаушыдай қатыгез,

құны да қымбаттап келеді. [Finprom.kz](http://finprom.kz) порталының дерегіне, 2024 жылдың ақпан айының қорытындысы бойынша Қазақстанда ақылы қызметтер бір жылда 12,8%-ға көтерілген. Оның ішінде су бұру, қоқыс шығару, ыстық су мен суық су, электр энергиясы сынды үздіксіз пайдаланатын қызметтерге тариф қосылып отыр.

Обалы нешік, ел тұрғындары орта есеппен 370 мың теңгеден жоғары жалақы алғанды қалайды. Сарапшылар мұндай қорытындыға hh.kz порталына жолданған 400 мыңнан астам жұмыс іздеушінің түйіндемесіне талдау барысында келіпті. Алайда «үйдегі ойды базардағы нарық бұзады» демекші, нарық ұсынып отырған жалақы көрсеткіші әзірге қуантпай тұр.

– Заңға балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқығын қорғау бағытында нақты қандай өзгерістер енгізілді?

– Тұрмыстық зорлық-зомбылық, балаларға қатысты жасалатын қылмыстар мәселесі елімізде өзектілігін жоғалтпай тұр. Мәселен, былтырдың өзінде Қазақстанда отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық салдарынан 69 әйел мен 7 бала қайтыс болды. Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері бойынша 99 мыңнан астам өтініш келіп түсті, балаларға қарсы 2 452 қылмыс жасалды. Бұл сандардың әрқайсысының артында әйелдің не баланың өмірі тұр.

Заң 70-тен астам түзетуден тұрады. Әр түзетуге зорлық-зомбылықтан қайтыс болған бала мен әйелдің атын беруге болады. Атап айтсақ, заң концептуалды түрде екі бөлімнен тұрады. Біріншіден, отбасылар мен балаларға көмек көрсету инфрақұрылымын құратын алдын алу шаралары:

Отбасын қолдау орталықтарын ашу, қиын өмірлік жағдайдағы отбасыларды анықтау және оларға көмек көрсету жөніндегі жедел әрекет ету топтарын, балаларды психологиялық қолдау орталықтарын ашу; зорлық-зомбылықтың құрбаны болған балаларға көмек көрсету бағдарламаларын енгізу; агрессормен психологиялық жұмысты көздейтін ерекше талаптар және т.б.


Екіншіден, жеке адамға, оның ішінде балаға қатысты зорлық-зомбылықтың барлық түрі үшін жазаны қатаңдату:

Балаларға зорлық-зомбылық жасауға қатысты қылмыстар үшін татуласуды алып тастау; бала зорлағаны үшін бас бостандығынан өмір бойына айыру; балаға жыныстық сипатта тиіскені үшін қыл-

Соңғы жылдары елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылық ең өзекті мәселеге айналып отыр. Отбасында зәбір көрген, жақынынан жапа шеккен әйелдер мен балалар көбейіп, тіпті зорлық салдарынан өмірімен қоштасқандар қатары артқан. Мемлекет әйел құқығы мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында арнайы заң қабылдады. Президент қол қойған заң талаптарына сәйкес айыпталушыға қатысты жаза қатаңдатылды. Осы орайда біз заңдағы баланың қауіпсіздігі қаншалықты қорғалғандығы туралы еліміздегі Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Динара Зәкиевамен сұқбаттасқан едік.

Динара ЗӘКИЕВА,

Бала құқықтары жөніндегі уәкіл:



БАЛАНЫ САБАҒАН АДАМ СОТТАЛАДЫ

мыстық жауапкершілік енгізу; ұрып-соғу және денсаулыққа жеңіл зиян келтіргені үшін қылмыстық жауапкершілік енгізу; балаларға қатысты зорлық-зомбылық қылмыстарын тергеу кезінде күдіктіні қамауда ұстау; буллинг үшін жауапкершілік; баланы автобустан мәжбүрлеп түсіріп тастау үшін жауапкершілік енгізу; ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған мекемелер мен лагерьлерді лицензиялау қатарлы көптеген нормалар бар.

– Сіз «Отбасы кодексінде 2011 жылдан бері ата-ана құқығынан айыру, баланы тартып алуға негіз болатын бөліктің бәрі бар» дедіңіз. Ол қандай талаптар?

– Бұл заң жобасында балаларды алып қоюға қатысты ешқандай

өзгеріс жоқ. Баланы алып қою үшін негіздер Неке және отбасы туралы кодекстің 82-бабында бекітілген және 2011 жылдан бері қолданылып келеді. Мұнда басты мақсат – баланы ата-анасынан айыру емес, баланың адам ретіндегі құқығын қамтамасыз ету, мектептен қол үзіп қалмауын, денсаулығына, психологиясына зиян келмеуін қамтамасыз ету.

– Кейбір азаматтар қауіп етіп айтып жүрген ювеналка, югендтамт, барневарне деген түсініктер туралы айтып бересіз бе? Сондай-ақ бұл ұғымдардың біздің тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы заңда қандай да бір көріністері бар ма?

– «Ювенал» деген сөз «кәмелетке толмаған» деп аударылады.

Яғни, ювеналды юстиция дегеніміз – кәмелетке толмағандар істері жөніндегі сот. Бұндай сот елімізде 2012 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Зардап шеккен немесе күдікті адам кәмелетке толмаған бала болса, оның ісін сол сот қарайды. Мысалы, қазір 12 мың бала қолайсыздық бойынша есепте тұрған отбасыларда өмір сүреді. Олар ата-аналарымен бірге тұрады. Жергілікті атқарушы органдар бұл отбасыларды үнемі бақылауда ұстайды және қажетті профилактикалық шаралар жүргізеді. Себебі мемлекеттің мақсаты – отбасын барынша сақтап қалу.

Ал югендтамт, барневарне деген атаулар шетелдік ведомст-

волар, олардың Қазақстанға түк қатысты жоқ.

– Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында «Халқымыздың белгілі бір құндылықтар тізбесін жасақтап өскелең ұрпаққа таратуымыз керек» деп айтқан едіңіз. Сіздіңше, ол қандай құндылықтар?

– Президент Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде құндылықтар жүйесін айқындады. Олар – тәуелсіздік және патриотизм, бірлік және ынтымақ, әділдік және жауапкершілік, заң және тәртіп, еңбекқорлық және кәсіби біліктілік, жасампаздық және жанашырлық.

– Заң қатаңдатылды. Дегенмен қоғамға, өскелең ұрпақтың бойына өзара сыйластық, жанашырлық, қамқорлық, мейірім, құрмет, ізгілік деген адами қасиеттерді заңмен сіңіре аламыз ба? Осы орайда қазір өте өзекті болып отырған әйелді ұру, баланы сабау, (тіпті, өлтіре салу) және педофилия, суицид, ажырасу секілді мәселелердің алдын алу бойынша қандай тетіктер қарастырылған?

– Заңның бірінші бөлімі отбасыларға, балаларға көмек көрсету инфрақұрылымын құруға байланысты позицияларды қарастырады. Сондай-ақ профилактикаға қатысты түзетулер енгізілді. Жалпы, заң жобасының мақсаты – балаларға қол көтермеу мәдениетін қалыптастыру, жазаны қатаңдату, сонымен қатар алдын алу механизмдерін құру дер едім. Әр бала – жеке тұлға. Және балаға қол көтеру – бұл жеке тұлғаға қарсы қылмыс екенін естен шығармауымыз керек.

– Әңгіменізге рақмет!

Сұқбаттасқан
Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

ГУМАНИТАРЛЫҚ КӨМЕК ӘДІЛ БӨЛІНЕДІ



«AMANAT» партиясы үйін су басқан оралдықтарға 150 тоннаға жуық гуманитарлық көмек берді. Қарғын судан зардап шеккен тұрғындарды қолдау үшін жиналған бұл жәрдемді партияның Астана, Алматы, Жетісу, Шымкент, Қызылорда облыстарындағы филиалдары жіберіп отыр.

Оралға жеткізілген азық-түлік сұрыпталған соң, отбасылардың қажеттілігіне қарай

тендей бөлініп, таратылады. Бұл үшін зардап шеккендер тиісті құжаттарын көрсетсе жеткілікті. Қазір көмек алушылардың тізімі реттелген. Бұл жолғы көмек үйін су басқандардың ішінде пәтер жалдап немесе туыстарын сағалағандарға ғана беріледі. Өйткені эвакуациялық орталықты панаалаған тұрғындар азық-түліктен өзге де керек-жарақпен толық қамтамасыз етілген. «AMANAT» партиясының атсалысуымен бес күнде 2 мыңға тарта отбасы азық-түлікпен қамтылды. Әр

отбасына 30 келі ұн, 5 литр сұйық май, кант, қарақұмық пен макарон өнімдері үлестірілуде. Бұл азық-түлік қоры отбасылар үшін бір аптаға жетеді деп жоспарланған.

«Бірінші күні біз бұл жұмысты журнал арқылы ұйымдастырып едік. Өкінішке қарай, бір отбасыдан бірнеше адам келіп алып кеткен фактілер тіркелді. Сондықтан қазір біздің бағдарламашыларымыз арнайы база дайындап, бір адресстен тек қана бір отбасыға көмек беру керектігі жөнінде алгоритм жасап жұмыс реттеліп, жүйеленді», – дейді «AMANAT» партиясы БКО филиалының атқарушы хатшысының орынбасары Афица Семғалиева.

Ал павлодарлықтар Петропавлға тағы да гуманитарлық көмек жөнелтті. Бұл жолы жалпы салмағы 60 тонна болатын 3 жүк көлігі аттанды. Көмектің негізгі бөлігін азық-түлік пен көрпе жастық құрайды. Одан бөлек, гигиеналық заттар, құрал-сайман, су етік секілді аса қажетті дүниелер бар. Көмектің Солтүстік Қазақстан облысына аман жетуін жүк көліктерінің жүргізушілері өз мойнына алған.



Тасқынға тап болған өңірлерге «AMANAT» партиясы қосымша 150 тонна болатын көмек жөнелткен. Көмек қолын созғандардың қатарында жеке кәсіпкерлер де бар.

«Өзіміз де көмек көрсетейік деп түгел затты тегін ұсынып отырмыз. Өңірдегі жанар-жағармай стансалары да бізге шығып, көліктерді жанармаймен тегін қамтамасыз ететіндерін айтты. Бұл да үлкен көмек болды», – дейді жеке кәсіпкер Нұрболат Жайлаубаев.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл, – дейді жұртымыз. Керек-қажеттінен партияластар, қоғам белсенділері, жастар бәрі қосылып, Петропавл халқына гуманитарлық көмек көрсетіп отырмыз. Бұл іске Павлодар тұрғындары ерекше атсалысты. Мүмкін болса, тағы жіберуге дайынбыз», – дейді облыстық мәслихат депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Айдар Құрымбаев.

Бердібек ҚАБАЙ

БАЛАЛАРДЫҢ ОҚУЫНА КЕДЕРГІ БОЛМАЙДЫ



БҚО-да қазір 13 эвакуациялық пункт жұмыс істейді. Осы эвакуациялық пункттерде 968 бала тұрып жатыр. Облыста жағдай әлі де күрделі. Сондықтан да адамдар үйіне әзірге оралмайды. Ал балалардың білім алуын тоқтатуға болмайды. Сондықтан да БҚО-да эвакуациялық пункттерде тұрып жатқан балалар үшін мұғалімдер арнайы барып сабақ беріп жүр. Бұл үшін қаладағы мектептердің мұғалімдері жұмылдырылған.

Аймақта алты білім нысанында эвакуациялық орталық орналасқан. Атап айтсақ, Қаратөбе, Бөрлі аудандарында және Орал қаласындағы білім нысандарында адамдар тұрып жатыр. Бұдан бөлек, екі жоғары оқу орнында үш эвакуациялық жасакталған. Білім беру нысандарын эвакуациялық пункт есебінде пайдалану білім беру үрдісіне ешқандай кедергі емес. Керісінше, мұғалімдер сол орталықтардағы балалардың саба-

ғын үзбей, білім беруді жалғастырып жатыр.

— Өңірдегі төтенше жағдайға байланысты 15 сәуірден бастап Жайық өзенінің жағалауында орналасқан Ақжайық, Бәйтерек, Бөрлі, Теректі аудандарының және Орал қаласының мектептері мен кәсіптік-техникалық және қосымша білім беру ұйымдарында оқу процесі қашықтан оқу форматына көшірілді. Қашықтан оқу online Mektap.org, BilimAll.kz,

+Daryn.online платформалар арқылы ұйымдастырылуда, платформаның мобильді нұсқалары да жұмыс істейді, — деп атап өтті БҚО Білім басқармасының басшысы Айгүл Мынбаева.

Жайық өзені жағалауында орналасқан аудандар мен Орал қаласында 130 мектеп бар. Бүгінде облыс бойынша 103 мектепте 75 591 оқушы қашықтан оқып жатыр.

Біз қала орталығында орналасқан М.Өтемісов атындағы БҚУ-дың жатақханасына келдік. Бұл жерде қала маңындағы саяжайдан келген тұрғындар орналастырылған. Қалалық білім бөлімі осы жерден арнайы сынып ашып, балалардың оқуына жағдай жасапты. Ол үшін арнайы компьютерлер қойылған, интернет желісі қосы-

лып тұр. Бұл жердегі балалар өздері секілді құрбыларынан қалмай онлайн оқуды жалғастырып жатыр.

— Мен 2-саяжайдан келдім. Келгеніме үш күн болды. Біз осы жерде онлайн сабақ оқып жүрміз. Анам қасында бірге отырады. Кәдімгі үйдегідей оқып жатырмыз. Қазір математика сабағы жүріп жатыр. Мен мұғаліммен байланыста отырмын. Бұл жерден көп жана достар таптым, — дейді біз сөзге тартқан эвакуациялық пунктте тұрып жатқан Арсен Исмағұлов есімді балақай.

Ал қалалық білім бөлімі басшысының айтуынша, Орал қаласында эвакуациялық пункттерде 800-ден астам бала тұрып жатыр. Оның ішінде 500 бала эвакуациялық орталықтардағы арнайы ашылған сыныптар арқылы онлайн оқуға қосылған.

— Біз қанда жағдай болмасын баланың оқу жүйесін ұйымдастырып отырмыз. Баланың білім алуын, шынығуын тоқтатуға бол-

майды. Осы бір уақытша қиындыққа қарамастан 500 бала онлайн оқып жатыр. Олардың бәрі де қаладағы эвакуациялық пункттерде орналасқан балалар. Біз олардың уақытын тиімді өткізу үшін арнайы спорттық шаралар да ұйымдастырамыз. Сол үшін қаладағы барлық мұғалімді кезекшілікке қойып, осы жұмыстарға тартып отырған жайымыз бар. Балалар қанша уақыт эвакуациялық пунктте болатынын білмейміз. Жағдай қалай болары әзірге белгісіз. Біздің білетініміз — балалардың сабағы тоқтамайды, — деп атап өтті қалалық білім беру бөлімінің жетекшісі Ақжарқын Темірханова.

Айта кетейік, өңірде су тасқыны қаупі басталғалы 13 мыңнан астам адам эвакуацияланған. Қазір эвакуациялық пункттерде 2000-нан астам адам тұрып жатыр. БҚО Білім басқармасы осы пункттердегі балалардың онлайн оқуы үшін қажетті құралдарды жеткізген.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,
Батыс Қазақстан облысы



Тасқын су басқан ауылдарға «АМАНАТ» партиясының Ақтөбе облыстық филиалы гуманитарлық көмек жеткізілу жұмысын қадағалауда. Жұмысты қоғамдық штабтар үйлестіріп отыр.

Бірғыз ауданындағы 4 эвакуациялық орталықтың 980 адамды қабылдауға мүмкіндігі бар. Қазір мұнда Нұра, Мамыр, Белшер, Құйылыс ауылдарынан келген 588 адам тұрып жатыр. Эвакуациялан

тұрғындардың барлығы да ыстық тамақ, төсек-орын, өзге де керек-жарактармен қамтамасыз етілуде. Аудандық қоғамдық штаб мүшелері тұрғындарға қолайлы жағдай жасауға атсалысып отыр.

«Эвакуациялық орталықтарға алғашқыда 919 адам қабылданған болатын. Қазір 331 адам туыстарының үйіне ауысты. Біз орталықтағы адамдарға қолайлы жағдай жасалуын бақылап отырмыз. Бүгін төсек-орын жабдыктары мен өзге де қажетті заттарды қабылдап

ҚАУІПТІҢ БЕТІ СЕЙІЛДІ

алдық», — деді партияның Бірғыз аудандық филиалының атқарушы хатшысы, штаб мүшесі Абат Баймұханов.

Ал Қобда ауданында тасқын су қаупі сейіліп, тұрғындар үйлеріне орала бастаған. Қазір 2 эвакуациялық орталықта тек 16 адам қалыпты. Сондықтан да партиялықтар гуманитарлық көмекті зардап шеккен отбасыларға таратып беруді ұйғарған.

«Қазір ауданымызда жағдай тұрақталды. Табиғи апаттың салдарын жоюға байланысты жұмыстар жүргізіліп жатыр. Материалдық залалды қалпына келтіру бойынша 253 адамнан өтініш қабылданды. Бағалаушы техниктер 112 үйге барды. Қазіргі жағдай бойынша 79 үй тұруға жарамсыз деп танылды. Біз зардап шеккен ауыл тұрғындарына қолдау көрсетіп жатырмыз, — деді партияның Қобда аудандық филиалы атқарушы хатшысы, штаб мүшесі Елік Сәбитов.

ПЕТРОПАВЛДА АШЫЛҒАН ОРТАЛЫҚ
Орталыққа келіп түскен көмекті бөлу процесін «Ойқала» шағынауданының тұрғыны Наталья Хан өзі

бақылауына алған. Айту керек, Натальяның үйі де «Ойқала» шағынауданында су астында қалып отыр.

Ашылған орталық Қазбек Байболов атындағы мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің базасында құрылды. Арнайы комиссия есептеліп сұрыптағаннан кейін гуманитарлық көмек мұқтаж тұрғындарға жіберілетін болады.

Осы күнге дейін облыс орталығында осыған ұқсас орталық тек «Радуга» ЖШС аумағында жұмыс істеген болатын. Сонымен қатар облыс аудандары мен орталықтарында да қосымша сұрыптау орындары ашылып жатыр. Бүгінде аймаққа еліміздің әр өңірінен 400 тоннаға жуық гуманитарлық келіп түскен.

Берік БЕК





Театрда режиссер жұмысы мен актерлік шеберліктің үндесуінен туған қойылым көрерменнің көңілін бір серпілтеді. Елордамыздағы Қаллеки театрында мұндай қойылымдар санын санап көрсету мүмкін емес шығар. Аталған театрда бұған дейін көркемдік жетекші қызметін атқарған Қуандық Қыстықбаевпен сұхбаттасқан едік. Ол қазақ театрына қазір бірқатар өзгеріс қажет екенін айтты. Әңгіме барысында Қалибек Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрының бүгінгі ахуалы, жалпы театр актерлерінің шығармашылық және қаржылық мәселелері және театр саңлақтарының қазіргі күйі жайында сөз қозғады.

**Қуандық ҚЫСТЫҚБАЕВ,
актер:**

Сахна қателікті

— Театр әлемінде жүргеніңізге біраз жыл болды. Сіздің түсінігіңізде театрға, өнерге адалдық деген не?


— Театр сахнасы қалт жіберіп алған қателікті кешірмейді. Сахна киелі дейміз ғой, шынында солай. Қазір есепсіз қалатын дүние жоқ. Өнердегі адалдықтың жастық шақта білінуі қиын, орта буынға келгенде театр алаңында жүріп өткен жолыңызға қарап адал болғаныңызды бағамдауға болады. Неге? Қазіргі актерлер театрды көбіне екінші орынға қояды, түрлі рөлді де байқамай ойнай береді. Мен оны басшылыққа келгенде жүріп өткен жолыма, өткеніме қарап түсіндім. Өнерін бірінші орынға қоятын замандастарым да болды. Еңбегі еленіп, ұсынылатын марапат та ойнаған рөлінің сапасына, адалдығына байланысты беріледі. Ал кейде өзі жіберіп алған олқылығын түсінбейді, түсінсе де мойындағысы келмейтін өнер адамы да кездеседі. Алдыңғы аға буындардың өміріне қарап сахнаға, өнерге адал болғанын байқаймыз. Адалдық деп айтып отырмыз, оның басында ең бірінші тәртіп тұрады. Театрда біреудің уақытын ұрлау — ең үлкен қателік. Біз әлі осыған бейімделе алмай жүрміз. Өнерді шетке қоя тұрайық, мұның бәрі, алдымен өз жұмысыңызға адал болудан келіп шығады. Жасырмаймын, театрда небір таланттар берілген рөлін де өз деңгейінен жоғары алып шығады. Бірақ олар тәртіпке бағынбаса дым шықпайды.

Театрымызға талантты режиссер Барзу Абдураззаков «Ләйлі-Мәжнүн» спектаклін қойды. Шәкірттеріне «Көзіме қарап сұрақ қойындар, көзіме қарап тыңдандар» дейтін. Оның бір сөзі маған өмір бойына сабақ болып қалды. Егер бір жұмыспен айналысатын болсаңыз, басқа жаққа алаңдаудың керегі жоқ, зияны өзіңізге тиеді. Сол сияқты спектакльге берілген уақытты тек дайындыққа арнаған жағдайда жақсы нәтижеге қол жеткізуге болады. Кейде әріптестеріме қарным ашатыны содан. Бірақ бәрін тәртіпке тіреп қоюға да болмайды. Бейсен Құранбектің керемет сөзін оқығаным бар. Ең жақын адамы деп бірі анасын, бірі жарын айтуы мүмкін. Жок, жақын адамың — дәл сол сәтте жанында отырған адам.

— Театрдың актерлерге қойған басты талабы қандай?

— Әрине, актерлердің талантын құрметтеу керек. Дегенмен тәртіптің аты —

тәртіп. Жақында ғана менде де осындай оқиға болды. Алдыңғы буын ағаларымызды да білеміз ғой, Әзкең 30 жыл театр басқарып тұрған кезде атакты Әнуар Молдабековтің өзін сахна жұмыскері етіп қойған. Неге? Репитацияға кешіккені үшін. Тәртіп талантқа қарамайды. Бойдағы талантты сахнада көрсетеді. Ал оған дейін қаншама жұмыс бар. Талантты адам кейде белгілі бір шеңберге сыймайды, оған түсіністікпен қараймыз. Бірден жаза берілмейді, шегінен шыққаннан кейін ғана шара қолданамыз. Оған дейін ескертулер, сөгіс жарияланады. Актер дайындыққа түрлі себеппен қатыса алмауы мүмкін, кешігуі мүмкін. Егер театрдың атынан үлкен жобаларға қатысатын



болса, қолдау көрсетуге тырысамыз. Шын таланттардың аяғынан шалу, оларды бұғып қою тәжірибемде болған емес.

— Әңгімеңізді Қаллеки театрының ғажайып әлеміне бұрайықшы. Бұл театрдың басты ерекшелігі неде?

— Ең басты ерекшелігі — актерлердің театры. Театрды Жақып Омаров ағамыз өзі ашып, өзі басқарды. 1996 қайтыс болған соң орнына бірге оқыған досы Қадыр аға келді. Ол Ақмола Астана болып жатқан кезде театрдың бір гримеркасында тұрды. Өзіне берілген үйде тұра алмай дүниеден өтті. Одан кейін 1999 жылы отыз жыл басқарған театрынан қуылып, он жыл өнер айдынында жоғалып кеткен Әзірбайжан Мәмбетовті Президент шақырып алып Халық Қаһарманы атағымен қоса осы театрдың тізгінін берген еді. Ол кезде театрдың ескі ғимаратының аядай жерінде

жұмыс істеді. Басында істей алмаймын дегенінде Н. Назарбаев «Халық Қаһарманы болып сіз жылдасңыз, басқалары не демейді. Қане, жұмыс істеніз, болашақта салынады театр» деген. Сол ғимаратта қоймаған спектаклі жоқ. Иә, «М. Әуезов театрында қойылған классикаларды қайталады» деп сөзге де қалған. Бірақ қайталаған жоқ. Осындай ұлы режиссерлермен жұмыс істедік. Кейін театрға драматург әрі театр сыншысы Еркін Жуасбек ағамыз келді. Ол театрдың директоры мен көркемдік жетекші қызметін қатар алып жүрді. Өзі басқарған бес жылдың ішінде белгілі бір деңгейге көтеріп тастады. Осындай тұлғалардың ізі қалған театрдың басқа театрдан ерекшелігі — нағыз талантты актерлердің шоғырын жинауы. Марқұм Әшірбек Сығаев біздің театрды, әр актерлерді жанындай жақсы көрді. Қай-

келмеуімді айтып, ақыл-кеңес берген. Бірақ, өзіңіз айтпақшы, лайықты адамның болмауы және әріптестерімнің маған артық сенімі, өзімнің өнерде атқарған еңбегім осыған лайықты деп әкелген шығар. Жаратушы сүйген құлына көтере алмайтын жүк бермейді ғой.

Ал енді қазір қызметке ұжымның ішінен емес, сырттан алып келу лайықты ешкімнің болмағанынан шығар. Не дегенмен оны министрлік таңдайды, солар шешеді. Біз де таңдауымызды ұсына аламыз. Өкінішке қарай, қазір оны айтатын адам да, біріккен ұжым да болмай тұр. Гүлсина Мирғалиева тәжірибесі бар, 20 жыл театрды басқарған маман, осы жұмысты да ары қарай дөңгелетіп алып кете алады. Оған қоса, біздің жұмыстың ішінде сәл бұзылған ауа райын реттеу үшін, ұжымды біріктіру үшін келіп жатқан шығар деп ойлаймын. Өйткені шынында сан саққа бөлініп, істеп

жатқан ісімізге ризашылық білдірмеу көбейіп кетті. Сондықтан осының жарасын жазу үшін келіп отыр деген ойым бар. Мен де шамам келгенше жұмыс істедім, енді ол ары қарай басқа біреулердің құзырында. Күрестім, шамам жетпеді, үстімнен арыз-құрыз жазылып, маған риза еместер көбейіп кетті. Содан ақырын өзім де кеткенім дұрыс деп шештім. Мұндай шешімге бір жыл бұрын да келген едім. Бірақ ұжымым жібермей, басқалардың пікіріне мән бермеуімді айтып, мені алып қалған болатын. Бұл қызметте жүргенде көбіне шығармашылық еркіндік бердім, қозғалмаған тақырыптарды қозғадым. Мысалы, «Алтайдан ауған ел» деген керемет тақырыптарды ұсынғаным бар.

— Өткенге өкпеңіз бар ма?

— Өкпе жоқ. Мен алалау емес, бағалауды дұрыс жасамаған шығармын. Мысалы, бір спектакльдің дайындығы үстінде күні-түні жұмыс істеп жатқандарға үстемеақы беріп отырдым. Өзім ол жұмыстан бос болсам да, үстемеақы жазбаушы едім. Үлкендер бізді алалап, шеттетіп жатыр деп ойлады. Үстемеақы нақты күндіз-түні тынымсыз жұмыс істеп жүргендерге берілді. Сол кезде өзіме көп ескерту естідім. «Неге алалап жатырсың, баяғыдан істедік қой» дейді. Олар баяғыдан істеп жатыр, дұрыс. Бірақ қазір жұмыс істеп жатқандарды да бағалау керек. Сол жағынан түсінбестік болған ғой. Неге маған риза емес деп өзіме де жиі есеп бердім. Тағы бір түсініспеушілік жағдай болды. Алдағы үш жылға репертуарлық саясат жоспарын құрған кезде Нұрлан Жұманиязов пен Болат Ұзақовты биылғы жылдың спектакліне қоспаған едім. Неге? Жас буындарды шақырайық, олардың қолтаңбасын көрейік, қазақ ертегілерін қояйық, тың тақырыптарды көтерейік деген ұсыныс айттым. Бірақ олар өздерінің жоспарға неліктен енбей қалғанын менен келіп сұрамады. Егер келіп сұраса, «Биыл демалыңыздар, сырт жаққа қойып келіңіздер, жалақы болса жүріп отырады» деп айтар едім. Бірақ олар бұған жеткізбей, басқаша іс-әрекет жасады. Ақыры осындай бір кикілжіңге алып келді.

— Театрда артынан із қалдырған режиссерлердің бар екенін жоққа шығармаймыз. Олардың қойылымдары әлі күнге дейін көрерменімен қауышып отырады. Ал солардың ізін жалғайтын бүгінгі жас режиссерлер жайлы не айтасыз?

— Театрда бір режиссермен шектеліп қалуға болмайды. Осындай жағдаймен алысып та жүрмін. Жас режиссер Әлібек Өмірбекұлын жұмысқа ала алмай жүргенім де осы. Қалибек Қуанышбаев атындағы театр 1991 жылы құрылған болса, 1996

жылға дейін марқұм Жақып аға қызмет атқарды. 1997-1999 жылдар арасында Қадір Жетпісбаев ағамыз қызмет етті. Содан 1999 жылы Әзірбайжан Мәмбетов келген кезде ең жас режиссер болып, Болат Ұзақов пен Нұрлан Жұманиязов жұмысқа қабылданған. Олар әлі күнге дейін істеп келе жатыр. Олардың өзі қазір зейнет жасында. Ойлаңызшы, 26-27 жылдың ішінде жас режиссер алынбады. Аға буындар берерін берді, қазақ өнеріне сіңірген еңбектері көп, әлі де береді. Дегенмен театрға жаңа қан керек, мен осымен күресіп жүрмін. Кез келген салада мықты тұлғалар берерін беріп болған соң ары қарай сарқылды, сондықтан бұл кісілердің де қазір сарқылған жерлері бар. Заман ағымына, көрермен сұранысына, театрдың алған бағытына сай келмей жататын тұстары болады. Бұрынғы көзқараспен қалып, өзіңді дамытпау, ізденбеу осыған кеп тірейді.

— Қазір драматургтер өз әлінше жазып жатыр. Ең көп қойылатыны — Қанат Жүнісовтің жазғандары. Жәнібек Әлкеннің де шығармалары біраз театрларда қойылды. Бірақ драматургия саласы сәл кенжелеу қалып тұр. Бұрынғымен салыстыруға келмейді. Бұрынғы драматургтердің еңбектері, тақырыптары қазіргі заман талабына сай ескіріп қалады, оны заманауи етіп өзгертіп қойып жатамыз. Кейде жақсы нәтижесін берсе, кейде бермейді, бермей қалуы мүмкін. Қазір керемет жазатын драматургтеріміз саусақпен санарлықтай. Роза апаларымыз бен Дулат ағаларымыздан басқа ауызға іліп алып айтатын адам аз.

— Қазіргі қазақ театрында қандай жанр басымрақ болуы керек?

— Өкінішке қарай, қазір біздің киномыз да, театрларымыз да кейде жеңіл тақырыптарды толқындатып жатады. Бірақ театр әлемінде дәл бір бағыттағы тақырып басы-



дай тақырып болса да ойланатын, ой салатын тақырыптар болғаны дұрыс.

— Театр мен кино екі бөлек сала болғанымен, бір-бірімен тығыз байланысты. Театрда шыңдалып, киноға кетіп жатқан актерлер қаншама? Оның басты себебі неде? Бұл театр актерлерінің әлеуметтік жағдайына байланысты туындап отыр ма?

— Иә, ең бірінші жалақыны айтып өтер едім. Театрда жалақының жағдайы сорақы. Ауылда тұратындар мұғалім, дәрігерлер Астанадағы актердің жалақысынан бірнеше есе артық алады. Театр актерінің бір айда алатын еңбекақы мөлшері — 130 мың теңге. Одан сорақысы, театрдағы өзге де қызметкерлердің жалақысын айтуға келмейді. Енді ұлттық театр болып жатырмыз, ол кезде өсетін шығар деген ойдамын. Күні кеше Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев келіп кетті. Жалақымыздың мөлшерін естігенде осы мәселені қозғайтынын айтқан болатын. Әзірге тыныш. Бұған қарап мәдениетке деген көзқарасымызды аңғаруымызға болады. Бірақ нағыз өнер-сүйіс таланттар жалақыға қарамай театрға келеді.

Өзім бір сұхбатымда да айтқан едім. Маған медицина жайында түсіріліп жатқан сериалға бір рөлді ұсынды. Мен күніне 1000 доллар төлеуін сұрадым. Олар менің түскенімді қалап тұрғандарын айтып, 700 доллар ұсынды. Мен келіспедім. «Сіз театрда жүріп айына ондай жалақы алмайсыз, мойындаңызшы» дейді. Мен нағыз өнерде жүрген адаммын, өз-өзімді сатқым келмейді деп бас тарттым. Яғни, киноға келгенде театрды айырбастап кететін жағдайлар да болады. Менің өнер жолымда екі жағдай болды. Бірі «Сәкен Сұңқар» спектаклі қойылатын кезде кинодан да ұсыныс түсті. Амаз жок, Сәкен болып ойнайтын рөлімді Сырымға беріп, «Жат» фильміне кеттім.

Екіншісі «Зере» спектаклі мен Әмир Байғазиннің «Өзен» фильміне таңдау қатар келіп қалды. Сол кезде де рөлімді Сырым-

ға беріп, киноға кеткенім бар. Кейін көрермен де «Өзіңіз бірінші театр дейсіз, театрды тастап, киноға кеттіңіз ғой» деп жатты. Оның бәрі жаңағы тұрмыстық, әлеуметтік жағдайға кеп тіреледі.

— Қоғамда театр актерлерінің орны қандай? Болашақта қазақ театрының ахуалын қалай елестетесіз?

— Біріншіден, театр актерлері қазір қоғамда бағаланбайды. Иманғали Тасмағамбетов қала әкімі боп тұрған кезде бір жылда, бір айдың ішінде Қаллеки театрына 17 үй берген болатын. Бұл өнерді бағалағаны ғой. Ал қазір жастарымыздың бәрі үйсіз жүр. Қазір театр актерлерін белгілі бір шаралар болса ғана іздейтін болды. Тіпті, Өнер университеті, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясын ақылы етіп қойды. Ақылы болған өнер ешқашан оңбайды. Ақысын төлесе, таланттысы да, талантсызы да бірдей оқи береді. Ал таланты бар, қаржысы жоқтар оқи алмай қалуы мүмкін. Өнерді сүйген таланттардың көбі шеттегі облыстарға да барып жатыр. Бірақ ол жақта да жағдай мез емес. Ержан Қауланов бауырымыз Қостанайға, Павлодарға барды. Қазір қайда



жүргенін білмеймін. Шет аймақтарда не режиссер жок, не өнер жок. Елестетіңізші, қай облыста режиссер бар? Маңғыстау театрында жалғыз Гүлсина бар еді, оның өзі бізге келді. Енді сол жақтағы театрдың жағдайы не болады? Иә, көпке топырақ шашып айтуға болмайды, мысалы, Қарағандыда Айдын Салбанов, Атырауда Мұқанғали Томанов, Гүлназ Қамысбаева, Жанат Тельтаев бар. Қостанайда Батырбек Шамбетов актерлікті бітіріп, режиссер болып жүр. Кәсіби режиссерлер саусақпен санарлық.

Қазақ театрының ахуалы құлдырап бара жатыр. Бұл мәселені Барзу Абдураззақов бірнеше жыл бұрын қозғаған. «Құтқаруға болады» деген пікірін айтқан. Кейбір мемлекеттермен салыстырғанда әлдеқайда деңгейіміз жоғары, бірақ жас таланттарды қолдамасақ, былыққа батамыз. Спорт әлемінде қаржы бөлініп, шетелден маман, бапкер шақырып жатады. Мәдениетте де солай болуы керек. Досжан Жанботаев ағалар актерлік курсты оқып алып, бірінші Арқалықта, кейін Жезқазғанда театр ашқан. Содан, міне деңгейін қалай көтерді. Бүкіл фестивальдарды озық шықты. Орыстың білімі — білім, мойындауымыз керек. Екінші жоғары біліммен тегін оқытқан орыстар қазақтың талантты тұлғасын өзіне алып қалмақ болғанда «қазағым» деп еліне келді. Ал біз мұндай таланты бар адамды сыйдырмаймыз. Осындай ашы шындық айтылуы керек.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Желшір мейімі



Қазір театр актерлерін даярлайтын мектеп жок. Ұстаздар Кеңес үкіметінен келе жатқан қалыпта интуициямен сабақ өтеді, бірақ бұрынғы қалыптасқан қағидаларды өзгертуден аулақпын. Айтайын дегенім, сол деңгейде, бір ұйықта тұрып қалмай, жас таланттарды тарту керек. Қазір театрларға сырттан режиссерлер шақырып, қойылымдарын қоюдың да себебі сол. Шетелдік театрлар туралы айтсам, олар, тіпті режиссер түгілі актердің өзін штатта ұстамайды. Ал бізде 80-90 актерды жинап алады, екі-үш режиссер штатта отырады, жылына жоспарланған спектакль қою керек. Бізде әлі өнер саласында өзгертетін дүние көп. Ол оқу саласынан басталады. Тек бір адамның қолтаңбасымен жұмыс істеп отырған, сырттан режиссер шақырмай, өз қазанында өзі қайнап жатқан театрлар да бар. Оның да өз пайдасы бар. Бірақ басқа жақтан қан кіргізу — ол да бір тәжірибе.

Болат Атабаев қандай күрескер режиссер еді. Таланттарды сыйдыру қиын ғой. Олар қоғамда болып жатқан дүниелерге бейжай қарамайды, ондай тақырыптарды сахнаға алып келеді. Театрда еркіндік бар, бірақ бәрібір кішігірім кедергілер болып жатады.

— Театр тақырыбы қозғалғанда драматургтерді міндетті түрде атап өтеміз. Қазір көрермен танымына, заман ағымына сай жазатын драматургтер бар ма?

мырақ болуы керек деген қағида жок. Өйткені 600 орындық болатын болса, сонша түрлі пікір айтылып жатады. Бірі комедияны, бірі драманы, трагедияны жақсы көреді. Сондықтан театрда репертуарлық саясатты ұстанған кезде балансты сақтау маңызды. Солардың арасында заманауи, классикалық шетелдік және отандық туындылардың бір жағы басым болып кетпеуі керек. Тек классиканы қойған театр — болашағы жок театр, өлетін театр. Негізі, қан-



■ **Қуғын-сүргін мен ашаршылықтың зардабын көп көрген халықтың бірі – қазақ екені даусыз. Зұлмат жылдардың қиындығын көзбен көрмесек те, оқып-біліп-ақ ол кезеңнің қандай ауыр болғанын аңғаруға болады.**

Гүлзина БЕКТАС

1937-1938 жылдардағы жаппай қуғын-сүргін кезінде Қазақстан аумағында құрылған лагерьлерге 5 миллионнан астам адам камалған екен. Олардың арасында жергілікті халықтың өкілдері де көп болған. Қазақстанда жүздеген мың адам жазаланып, 25 мыңы атылған. Атылғандардың басым бөлігі ұлт зиялылары болды.

Сол бір зұлмат кезеңде, яғни 1937-38 жылдары Ленинградта да жаппай қуғындау басталған. Ленинград пен басқа өңірлерде «зиянкес халық жауларын» ұстау туралы «айрықша» тапсырма болғаны белгілі.

БЕЛГІЛІ ДЕ БЕЛГІСІЗ ЖАНДАР

Сондай қуғын-сүргінге ұшыраған жандардың қатарында қазір есімдері белгілі де белгісіз 12 қазақ бар. Олар Ленинградта атылып, белгісіз зиратта мәңгілік мекен тапты.

Тұрғанбек Ахметов. 1905 жылы Қарағанды облысында туған, партия мүшесі емес. ЛМУ-дың аспиранты. Ленинградта, 7 линия, 42 үй, 16 пәтерде тұрған. 1938 жылдың 28 қаңтарында ұсталған. 1938 жылдың 17 сәуірінде өлім жазасына кесілген. 1938 жылдың 26 сәуірінде Ленинградта атылған.

Ордабай Ағыбаев. 1908 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында туған, партияға мүше болмаған, ЛМУ-дың аспиранты. Ленинградта, Добролюбов даңғылы, 6/2 үй, 146 пәтерде тұрған. НКВД үштігі 1937 жылдың 4 қарашасында ұстаған. 1938 жылдың 17 сәуірінде өлім жазасына кесілген. 1938 жылдың 26 сәуірінде атылған.

Ғадылша Аяпбергенов. 1910 жылы Ақтөбе облысында дүниеге келген, Партияға мүше болмаған. ЛМУ-дың аспиранты. Ленинградта, 7 линия, 42 үй, 14 пәтерде (жатақхана) тұрған. НКВД үштігі 1937 жылдың 4 қарашасында ұсталған. 1938 жылдың 17 сәуірінде өлім жазасына кесілген. 1938 жылдың 26 сәуірінде Ленинградта атылған.

Кәрім Бекенов. 1905 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Көкшетау ауданы Қарағаш ауылында туған. 1930-1937 жылдары ВКП(б) мүшесі болған, ЛМУ-дың аспиранты. Ленинград қаласы, Добролюбов даңғылы, 6/2 үй, 142 пәтерде тұрған. 1937 жылдың 11 желтоқсанында НКВД ұстаған. 1938 жылдың 17 сәуірінде өлім жазасына кесілген. 1938 жылдың 26 сәуірінде Ленинградта атылған.

Құсайын Бекентаев. 1896 жылы Қостанай облысы Жетіқара ауданында туған. Партияға мүше болмаған. КСРО ҒА тарих институтының кіші ғылыми қызметкері болған. Ленинградта, 3 Июль көшесі, 40 үй, 82 пәтерде тұрған.



Ленинградта

**АТЫЛҒАН
ОН ЕКІ
ҚАЗАК**

НКВД үштігі 1937 жылдың 5 қазанында ұстаған. 17-58-8, 58-10-11-бабы бойынша өлім жазасына кесілген. 1938 жылдың 26 сәуірінде Ленинградта атылған.

Мырза-Ғазы Исполлов (Испулов). 1891 жылы Қостанай облысында туған. Партияға өтпеген. Қызылорда қаласында тұрған. 1931 жылдың 18 қаңтарында ұсталып, 10 жылға айдауға жіберіледі. Белбалтаста жазасын өтеген. Медвежья Гора станциясына тұрған. 1937 жылдың 17 қазанында НКВД үштігі ұстап, 1938 жылдың наурызында өлім жазасына кесілді. 1938 жылдың 9 сәуірінде Ленинградта атылған.

Сәдуақас Жармұхамедұлы Мусин. 1912 жылы Талдықорған облысы Андреевка ауданында туған. Партия мүшесі емес, Театр училищесінің студенті. Ленинградта Моховая көшесінде, 34 үй, 12 пәтерде тұрған. 1937 жылдың 4 қарашасында сотталған. 1938 жылдың 17 сәуірінде өлім жазасына кесілген. 1938 жылдың 26 сәуірінде Ленинградта атылған.



Сол бір зұлмат кезеңде, яғни 1937-38 жылдары Ленинградта да жаппай қуғындау басталған. Ленинград пен басқа өңірлерде «зиянкес халық жауларын» ұстау туралы «айрықша» тапсырма болғаны белгілі.



Мадияр Мұхамеджаров. 1909 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Қызылту ауданында туған. Партия мүшесі емес, Ауыл шаруашылығы институтының 5 курс студенті. Ленинградта, Карповкиде, 32 үй, 16 пәтерде тұрған. 1937 жылдың 22 желтоқсанында ұсталды. 1938 жылдың 17 сәуірінде өлім жазасына кесілді. 1938 жылдың 26 сәуірінде Ленинградта атылған.

Шәкен Тәкежанов. 1912 жылы Қарағанды облысы Қоңырат ауданы 14 ауылда туған. Партия мүшесі болмаған. Театр училищесінің студенті. Ленинградта Моховая көшесі, 34 үй, 10 пәтерде тұрған. 1937 жылдың 22 желтоқсанында НКВД-нің арнайы үштігі ұстаған. 1938 жылдың 17 сәуірінде өлім жазасына кесілген. 1938 жылдың 26 сәуірінде Ленинградта атылған.

ауданы 9 ауылда туған. Партия мүшесі емес. Театр училищесінің студенті. Ленинградта Моховая көшесі, 34 үй, 10 пәтерде (жатақхана) тұрған. 1937 жылдың 4 қарашасында ұсталған. 1938 жылдың 17 сәуірінде өлім жазасына кесілген. 1938 жылдың 26 сәуірінде Ленинградта атылған.

Ерғали Жүсіпов. 1908 жылы Қостанай облысында туған. Комсомол мүшесі. Ленинград қаласында 7 линия, 42 үй, 20 пәтерде (жатақхана) тұрған. 1938 жылдың 21 ақпанында НКВД-ның арнайы үштігі ұстаған. 1938 жылдың 17 сәуірінде өлім жазасына кесілген. 1938 жылдың 26 сәуірінде Ленинградта атылған. Міне, 12 қазақ. Бір жылы бір күнде атылған.

жұмса, кейбірі ауру тауып, сол жерден тірі шыққан жоқ.

Ұсталғандарды тергеу кезінде азаптады, тіпті сот үкімі шыққаннан кейін де қинап ұстаған. Оларды әйелдерінің, балаларының тағдырын талқандаймыз деп үркітіп-қорқытып, протоколға қол қоюға мәжбүр еткен. Қағазда не жазылғанын білместен, қол қойғандар да болыпты. Кейбірін соттан кейін ақтап аламыз деп те алдаған. Алданған. Түрмеде қорланған тағдырлар...

Жуырда «Ленинградтық мартиролог» кітабы қолымызға тиді. Жинақ 2008 жылы Санкт-Петербурда шыққан. Онда 1937-1938 жылы «халық жауы» атанып, өлім жазасына келісілгендердің тізімі берілгені. Арасында жоғарыда біз айтқан он екі адамның да есімі бар.

Жинаққа тұтқындалушы Анна Алексеевна Павлованың 1937 жылы 20 сәуірде берген жауаптарынан үзінді келтіріпті. Ол Сталин мен НКВД-ға арнайы хат жазған. Хатында: «Сталин комедия ойнап отыр. Өзін халық көсемі санайды, бірақ елдің қалай тұрмыс кешіп жатқанынан бейхабар. Мен Советтер одағын түрмеге теңедім, тіпті фашистік Германияның өзінде халық бізден жүз есе артық тұрады» деп жазған екен. Тұрасын айтқанда, ол өз жауабында: «халықтың бақытсыздығына кінәлі бірден бір адам Сталин деп санайтынын» жасырмайды.

...Ленинградта (қазіргі Санкт-Петербурда) Левашов мемориалдық зираты (Левашовское мемориальное кладбище) бар. Бұл зират өзге зираттарға ұқсамайды. Ағаштарға атылған жандардың суреті ілінген. Жерде қарағай бүршіктері (шишқалар) мен қиыршық тастармен үйінділер жатыр. Тіпті, тура сол зиратта анық кімдердің жерленгені туралы ешкім де нақты дерек айта алмайды. Бұл құпия зираттың тарихы 1937 жылдың қазан айынан басталған. Дәл сол жылы Қазан төңкерісінің 20 жылдық мерейтойын атап өткен еді. Қазан төңкерісінің мерекесі зұлымдыққа, сұмдық зұлматқа ұласты.

Жазықсыз жандар құрбандыққа шалынды. «Халық жауы» деген желеумен алдымен ұлт қаймақтары ұстала бастады. Соңыра жаппай «асыра сілтеуге» жол берді.

Ленинградта 26 сәуірде атылған қазақтардың кейбірі әлі күнге белгісіз. Жоктаушысы жоқ. Кейбірінің туыс-туғаны деректерін жинақтағанымен, нақты мәліметтер жоқтың қасы. Кейбірі туралы еш жерде айтыла да бермейді.

Біз осы мақала арқылы жоғарыда аты аталған 12 қазақ азаматы туралы деректерді ортаға тастадық. Бәлкім, бұл азаматтардың тікелей ұрпақтары немесе туыс-туғандары табыла ма деген бір үміт. Егер табылып жатса, осы қорымға Қазақстан атынан арнайы барып, туған жердің бір ұыс топырағын салу да біздің буынның ұрпақтың парызы болар еді.

Мұнда эстон, еврей, армян және басқа бірталай ұлттың атынан қойылған ескерткіштер бар. Қазақстанның жазықсыз атылған 12 азаматына сондай бір ескерткіш тақта немесе құлпытас қойылса деген ұсыныс жасағымыз келеді.

Жылдар өтсе де зұлмат заман зардаптары халық жадында. Мұндай қасірет енді қайталанбауға тиіс. Ал сол заманды еске алып отыру, тағзым ету – біздің перзенттік парызымыз!



Темір-Болат Телжанов. Омбы облысында туған. Комсомол мүшесі, Қазақ мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының директоры болған. Тұтқынға түсер алдында уақытша жұмыссыз болған. Ленинградта Турбинная көшесі, 2 үй, 75 пәтерде тұрған. 1937 жылдың 4 қарашасында НКВД-ның арнайы үштігі ұстап, 1938 жылдың 17 сәуірінде өлім жазасына кесілген. 1938 жылдың 26 сәуірінде Ленинградта атылған.

Бірі – аспирант, бірі – студент, енді бірі – қызметкер. «Не жазығы бар еді ағалардың?»...

БІР ЖЫЛДА – 21 536 АДАМ

Зерттеу деректеріне сүйенетін 19 370 адам атылса, 1938-де 21 536 жан ату жазасына кесілген. Жарты жыл ішінде қырық мың адамды өлім жазасына кескен. Олардың көпшілігі танымал ғалымдар еді. Тіпті, кейбірі түрмедегі ауыр азапқа шыдамай көз


15 сәуірде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресуге бағытталған заңға қол қойды. Жаңа заң әйелдер мен балаларға қатысты қылмыстар үшін жазаны күшейтуді көздейді. Осылайша, бұрын ұрып-соғу және денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру әкімшілік құқықбұзушылық ретінде сараланып келсе, енді осы тектес қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілік енгізілді. Бұл жағдайға еліміздегі соңғы уақытта болып жатқан оқиғалардың да септігі тигенін айта кеткеніміз жөн.

Наурызбек САРША

Елдегі жағдайды баяндамас бұрын шетелдегі осы типтес оқиғаларға бір назар салып өтелік. Осы ретте америкалық продюсер Харви Вайнштейннің оқиғасы еске түседі. 2017 жылғы қазанда The New York Times пен The New Yorker басылымдары Вайнштейннің ұзақ уақыт бойы қызмет бабын пайдалана отырып актрисаларға харассмент көрсеткенін баяндайтын мақалалар жариялады. Бұл уақиғадан соң бас-аяғы 80-ге тарта адам Вайнштейннен көрген қысымын мәлімдеді. Осы септі Вайнштейн Америка кино академиясынан өзі құрған The Weinstein компаниясынан қуылып, бизнесі банкротқа ұшырайды. Үстінен бірнеше әйел шағымданып, ақырында әйел зорлағаны дәлелденіп, 2020 жылы 23 жылға бас бостандығынан айырылды. Осыдан соң жыныстық бопсаға және зорлыққа тап болған қыз-келіншектер #MeToo деген хэштегпен өз оқиғаларын жаза бастайды. Бұл хэштегті паракшарларда бөліскен әйелдер танымал режиссерлерді, актерлерді, алып компания басшыларын айыптады. Науканның кең етек алғаны соншалық көптеген лауазымды тұлға абыройынан, қызметінен айырылып жатты. Бұл әйгілі «Вайнштейн эффектісі» деген феноменді тудырды. Бір оқиға екінші оқиғаның өршуіне немесе керісінше болуына себепкер болатын көбелек эффектісі тәрізді #MeToo хэштегі арқылы әйелдерге жасалатын харассмент айтарлықтай азайды. Бұл хэштегпен жеке басына пайда тауып қалғысы келетіндер де болды. Сол кездегі полицияға арызданушылардың дені лауазымды тұлғаларға қатысты болды және көбісінің айғақтары болмады. Дегенмен қоғам бір дүрлігіп басылды.

БИШІМБАЕВ ЭФФЕКТІСІ

Осыған ұқсас жағдай елімізде де болып отырғанына қоғам куә. Былтыр күйеуінің қолынан, ұрып-соғудан көз жұмған Салтанат Нүкенованың өлімі қоғамның ерекше ашу-ызасын туғызды. Осыған орай тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы жазаны қатаңдатуды қолдау бойынша арнайы онлайн-петиция іске қосылып, 150 мыңдай қол жиналды. Бұл Мемлекет басшының құлағына да жетті. Қасым-Жомарт Кемелұлы қаңтарда Egemen Qazaqstan газетіне берген сұхбатында петицияны қолдап, ел азаматтарының



ВАЙНШТЕЙН ЭФФЕКТІСІ:

ЗАҢ

Жаңадан

АЛҒАНДА...



пікірі ескерілетінін айтқан еді. Салтанат Нүкенованың өліміне қатысты сот онлайн режимде өтіп, оны бүкіл қоғам қалтқысыз бақылап отыр. Әлеуметтік желіде сот процесі қызу талқыланды. Айыпталушы, марқұмның күйеуі Бишімбаевтің оқиғаны баяндау барысында марқұмның жиі шарап ішетіні, үйге көп қонағаны, құрбыларымен жиі сауық құрағаны айтылып қалады. Айыпталушының бұл сөзі де елдегі қыз-келіншектердің шамына тиіп, олар әлеуметтік желілерде «#Мен де шарап ішемін, бірақ бұл мені өлтіруге себеп емес» деген хэштегпен наразылықтарын таныта бастады. Бұл Вайнштейн эффектісіндегі #MeToo хэштегінен кем болмады. Бұл Вайнштейн эффектісіндей Бишімбаев эффектісін тудыра алды ма? Ақыры қоғамның нөпір наразылығы ескеріліп жана заң күшіне енді.

ЖАҢА ЗАҢНЫҢ ЖАЗАСЫ ҚАНДАЙ?

Иә, енді әкімшілік құқық-бұзушылық ретінде қаралып келген қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілік енгізілді. Айыптылар 80-нен 200 АЕК-ке дейін айыппұл салу, 200 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тарту және 50 тәулікке дейін қамауға алынады. Жәбірленушіні азаптағаны үшін 600 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тарту немесе 3 жылға дейін бас бостандығынан айыру, денсаулыққа орташа ауырлықтағы зиян келтіргені үшін — 2 жылға дейін бас бостандығынан айыру, денсаулыққа ауыр зиян келтіргені үшін — 3 жылдан 8 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылды. Ал педофилдік үшін өмір бойына бас бостандығынан айыру, көмелетке толмаған балаларды жыныстық қудалау үшін 200 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тарту және 50 тәулікке дейін қамауға алу қарастырылған. Көмелетке толмағанды заңсыз бас бостандығынан айырғаны үшін — 5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру, ал көмелетке толмаған баланы ұрлау — 10 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айыру шарасы қолданылатын болады.

Бұл заң жобасының қалыптасуына Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл мекемесі де өз үлесін қосқанын атап өткен жөн. 2023 жылдың қараша айында Адам құқықтары жөніндегі уәкіл кенесі Тұрмыстық зорлық-

қудалау нысандарын қайта қарау бойынша шаралар ұсынылды. Оларды жеке айыптау істері санатынан алып тастай отырып, отбасылық-тұрмыстық сала және басқа да көптеген заңнамалық түзету қаралды.

СТАТИСТИКАДАҒЫ САНДАР НЕ ДЕЙДІ?

Еске салайық, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл кенесі тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес туралы арнайы баяндама жариялаған

есепке алу жөніндегі комитетінің ақпаратын келтіреді. Мәселен, 2018 жылдан 2023 жылға дейін отбасы-тұрмыстық салада 5 958 қылмыстық құқықбұзушылық жасалған екен. Отбасы-тұрмыстық саладағы қылмыстық құқық-бұзушылықтың ең көбі 2020 жылы тіркелді — 1 072. 2018 жылдан бастап 2020 жылға дейін қылмыстық құқықбұзушылықтардың динамикасы 16,6%-ға, ал 2020 жылдан бастап 2023 жылға дейін 13,8%-ға (1 072-ден 923-ке дейін) төмендегені байқалған. 2023 жылы қылмыстық құқық-бұзушылықтардың саны іс жүзінде 2022 жылғы (2022 ж. — 942, 2023 ж. — 923) деңгейде қалыпты.

Қылмыстардың санаты 2022 жылмен салыстырғанда 2023 жыл жасалған теріс қылықтардың 16-дан 18-ге дейін (12%) шамалы өсуін және ауырлығы орташа қылмыстардың 29-дан 56-ға (93%) айтарлықтай өсуін көрсеткен екен.

Деректерге сенсек, 2023 жылы отбасы-тұрмыстық салада барлығы 108 адам өлтіру немесе сол саладағы қылмыстардың жалпы санының 11%-ы жасалған. Бұл ретте, 2023 жылы дәл осы 108 адам өлтіру елдегі адам өлтірулердің жалпы санының 23%-ын құрайды, яғни Қазақстандағы әрбір 4-ші адам өлтіру дәл отбасы-тұрмыстық салада жасалады және шамамен 3 күн сайын тұрмыстық зорлық-зомбылықтан адам қаза табады. Бүгінде тұрмыстық зорлық-зомбылық көрген жандарға елімізде дағдарыс орталықтары қызмет көрсетеді. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ақпараты бойынша, ел бойынша тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтерді 46 дағдарыс орталығы көрсетеді, оның 15-і мемлекеттік, 31-і мемлекеттік емес. Орталықтарды ұстау жергілікті бюджет қаражатынан жүзеге асырылады. Мәселен, өткен 2023 жылы бөлінген қаражат көлемі 2 млрд 282,7 млн теңгені құраған. Орталықтарда зардап шеккендерге қызметтер тәулік бойы 6 айға дейін немесе күндізгі уақытта тәулігіне алты сағат мерзімде көрсетіледі. 2023 жылы орталықтармен 4 мыңнан астам адам қамтылса, олардың 3 мыңнан астамы медициналық көмек алды және 1 мыңға жуығы жұмысқа орналастырылған. Аталған кезеңде көмек сұрағандардың көбі Астанада — 510, Алматыда — 410, Шымкентте — 358 және Қызылорда облысында — 331. Ең аз азаматтар Шығыс Қазақстан облысының — 90, Маңғыстау облысының — 60 және Солтүстік Қазақстан облысының — 31 дағдарыс орталықтарына жүгінген.

зомбылыққа қарсы күрес мәселелері бойынша халықаралық конференция өткізді, оның барысында мемлекеттік органдармен, сарапшылармен, ҰЕҰ және дағдарыс орталықтарының өкілдерімен бірлесіп, тұрмыстық зорлық-зомбылық жасауға ықпал ететін негізгі факторлар талқыланды. Нәтижесінде, заңнамалық түзетулер пакеті қалыптастырылып, Қазақстан Республикасы Парламентіне жолданды.

«Бұл заң отбасылық ортада зорлық-зомбылыққа ұшыраған адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға арналған. Бұл — қауіпсіз және әділ қоғам құру жолындағы маңызды қадам. Біздің кенсе осы заңды әзірлеуге белсенді түрде қатысты: заңда тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесінің барлық аспектілері және ұсыныстары ескерілуін қамтамасыз ету үшін жан-жақты талдау жүргізілді, деректер жиналды, сарапшылармен және қоғам өкілдерімен кеңестер өткізілді», — деп атап өтті Адам құқықтары жөніндегі уәкіл мекемесінің өкілі Артур Ластаев. Оның сөзінше, жеңіл зиян келтіруді қылмыстық жауапкершілікке тарту, барлық уәкілетті орган мен ұйымда тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы арыздарды қарау нәтижелерін және қабылданған процессуалдық шешімдерді көрсететін интеграцияланған деректер базасын құру, қылмыстық болатын. Сол баяндамадан аздаған үзінді келтіріп көрелік.

Түйін:

Иә, күні кеше Президент қол қойған жаңа заң көпшіліктің қызу талқысын тудырды. Бір жағы заң дер кезінде қабылданғанын, бұл көптеген қылмыстың алдын алатынын айтса, енді бірі қоғамда ер-азаматтардың абыройына нұқсан келмей ме, отбасындағы әке рөлінің төмендеуіне әкелмей ме деген қауіп де жасырмайды. Бұл ойларына жаңа заңның басы-қасында жүрген мәжілісмендер заң баршасына ортақ екенін, әйел-еркек деп бөле жармайтынын, қылмыс жасағандардың қай-қайсынына да осы заң аясында жаза тағайындалатынын айтып өтті. Президент қол қойған тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы заңға сәйкес, енді зардап шеккендерге арналған отбасын қолдау орталықтары ашылатын болады. Сондай-ақ мектептерде балаларды буллинг, кибербуллингтен қорғау үшін мейірімділікке баулитын арнайы бағдарлама әзірленеді. Енді жаңа заң қоғамды жақсы жағынан өзгертеді деп сенеміз.



Қазақ әдебиетінің шоқтығы биік туындысы «Қозы Көрпеш–Баян сұлу» қойылымы әкемтеатр сахнасына қайта оралды. Түркі жұртына ортақ қазына болып саналатын шығарма осыдан сексен жылдан аса уақыт бұрын, яғни 1940 жылдың 29 сәуірінде Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрында театр сүйер көрерменге жол тартқан еді.



«Қозы Көрпеш–Баян сұлу» ҚАРА ШАҢЫРАҚҚА ҚАЙТА ОРАЛДЫ

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Сол уақыттан бері әр режиссер аталған қойылымды әртүрлі трактовкада сахналап келді. Араға жылдар салып қайта оралған қойылымның осы жолғы басты ерекшелігі — ұлттық театр мен ұлттық өнімнің ерекше коллаборациясы. Нақтырақ айтсақ, демеушілік танытып, тарихи туындыны қара шаңыраққа қайтарған — Вауан Sulu кондитерлік фабрикасы. Осы тұста қара шаңырақ өз тарихында алғаш рет қойылымның жабық көрсетілімін өткізгенін атап өткен жөн. Бүгінге дейін кинопремьералардың жабық көрсетіліміне табан тіресек, енді өнердің биік шыңы саналатын театрдың алғашқы жабық көрсетілімін тамашалаудың сәті туды. Көрсетілімге келген қадірлі қонақтардың арасында театр саласында қызмет етіп жүрген жас буыннан бастап сахна саңлағына айналған аға буын өкілдері, медиа мен киноиндустрия бағытында танылып жүрген бірқатар халық қалаулылары жиналды. Жабық көрсетілімнің театрдағы премьералардан тағы бір өзгеше тұсы — арнайы шақыру алған қонақтардан бөлек, қойылымды тамашалауға келген әрбір көрерменге ұлттық өнімнің атынан тәттілер табыстылды.

Ғашықтар зарына тас керек ғасырда дүниеге келіп, жақын-

жуықтарынан қолдау таппай, бақиға аттанып кете барған қос мұңлықтың махаббат оқиғасын ұлы қаламгер Ғабит Мүсірепов кезінде өз пьесасына өзек еткен еді. Екі әктілі махаббат дастанын жаңа трактовкада ұсынған қойылым режиссері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері — Әубәкір Рахимов. Махаббат үштігі сахналатын қойылымның жабық көрсетілімінде басты кейіпкер Қозының рөлін театр актері Мағжан Асаубай, ал Баянның рөлін талантты актриса Индира Құлмағанбетова сомдады. Одан өзге актерлік құрамның қатарында Б.Тұрыс, Д.Жүсіп, Ш.Асқарова, А.Ағымбай, Ғ.Оспанов, Ж.Толғанбай, Ғ.Құлжанов, Н.Абилев сынды өнер иелері бар. Қойылым басталар алдында театр директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Еркін Жуасбек ірі бизнес өкілдерінің өнермен, соның ішінде театрмен әріптестік негізде жұмыс істеуі Қазақстанда көп кездесе бермейтін құбылыс екенін негізге алды.

— Өздеріңіз білетіндей, кондитерлік фабрикамыз да Вауан Sulu деп аталады. Әу баста біз театр директорымен қандай қойылым қоятынымыз туралы ақылдасып, нәтижесінде дәл осы «Қозы Көрпеш–Баян сұлу» дастанына тоқталдық. Бүгін қазақ өнерінің қара шаңырағы мен Вауан Sulu кондитерлік фабрикасының арасындағы байланыстың нәтижесін көріп отырмыз. Кезінде Мұхтар Әуезов: «Сымбатты өнердің ішіндегі ең зор өнердің бірі — театр», — деп айтқан еді. Премьерада көрермен назары-



на ұсынылатын қойылым да сол сымбатты, ең зор өнердің туындысы», — деді «Баян Сұлу» АҚ Президенті-Басқарма төрағасы Тимур Садыхов.

Биыл қойылым әкемтеатрда шығып отыр. Қойылым режиссері Әубәкір Рахимов қаншама жылдық тарихы бар жауһар туынды кезінде Еуропаны аралап, ел арасында үздік қойылым ретінде танылғанын атап өтті. Режиссердің сөзінше, ол «Қозы Көрпеш–Баян сұлу» қойылымын барынша заманға сай жаңғыртуға тырысқан.

— Кезінде театрымызда сахналанған алғашқы қойылымдарды Серке Қожамқұлов, Камал Қармысов, Шолпан Жандарбекова сынды театр тарландары сомдаған еді. Біз студент шағымызда көпшілік сахнасына қатыстық. Одан кейін Әзірбайжан Мәмбетовтің қойылымында Асанәлі Әшімов, Әнуар

Молдабеков және т.б. әртістер сомдап шықты. Расында, олардың қойылымда өз рөлін сомдап шығуы біз үшін нағыз мектеп болды. Қазір орта буыннан асқан жастарымыз сол қойылымның көпшілік сахнасына қатысты. Кейінірек, Қайрат Сүгірбеков есімді жас режиссер өзінің трактовкасын ұсынды. Бүгін сахналанатын жаңа қойылымда түгел дерлік жастар ойнайды, — дейді Ә.Рахимов.

Режиссер қойылымды әзірлеу барысында ұлттық құндылықтарымыздың бояуын кетірмей, халықтың шынайы болмысын беруді басты орынға қойған. Әңгіме барысында Әубәкір Рахимов ұлттық классикалық туындыларға интерпретация жасағысы келіп, бірақ «артық қыламын деп, тыртық етіп қоятын» жағдайлардың бар екенін, осының әсерінен ұлттық ерекшеліктердің жоғалып бара жатқанын түйреп өтті.

— Біздің шетелге танытуға лайықты негізгі брендтіміздің бірі — «Қозы Көрпеш–Баян сұлу». 1984 жылы осы қойылымды Францияға фестивальге алып бардық. Ал бүгінгі трактовкада махаббат дастанын ұсынамыз деп шештік. Өйткені біздің алдымызға қойған мақсатымыз бен демеушілердің тілегі де осы идеяға сәйкес келді. Өкінішке қарай, қазір классикалық дүниелерімізге интерпретация жасаймыз деп ұлттық ерекшеліктерімізден айырылып бара жатқан тұстарымыз бар. Бүгінгі ұрпаққа керекі — классикалық туындылардың алтын қорда сақталып қалуы. Біз бас театр болғандықтан, осы мақсаттын орындалуына баса назар аудардық, — деді қойылым режиссері.

Сөз соңында режиссер қойылымға дайындық кезінде кейіпкерлердің басқа қырынан көрінгенін, сондай-ақ актерлерді театр сахнасында бұрын сомдаған рөлдеріне ұқсамайтындай жаңаша қырынан көрсетуге әрі өнер жолына енді ғана қанат қаққан жас актерлердің талантын ашуды мақсат тұтқанын айтып пікірін түйіндеді.

«Қозы Көрпеш–Баян сұлу» дастаны — әлемдік мәдени-тарихи құбылыс. Махаббат символына айналған Қозы Көрпеш пен Баян сұлу оқиғасы риясыз махаббат, қатыгездік, достық, шынайылық секілді қасиеттерді пайымдайды. Қойылым сол дәуірдегі жастардың сүйіп қосылуын арман еткен тілек-мүдделерін негізгі идеялық мазмұн ретінде қарастырады. «Өнер махаббаттан тұрады, ал махаббат таластан тұрады», — деген театр директоры Еркін Жуасбек Ғашықтар күні қарсаңында сахналанған қойылым жастарға оң әсер етіп қана қоймай, атаулы күн ел арасында айтылып жүрген ұлттық болмысымызға жат «Әулие Валентин күнін» алмастырғанын айтып қорытындылады.

Алматы қаласы

ЖЕТЕКШІ УНИВЕРСИТЕТТЕ ЖЕТІСТІК КӨП

Талапкерлердің алдында сапалы Жоғары қаржы-экономикалық білім алу үшін еліміздің университетін таңдаудың күрделі міндеті тұр. Университетті таңдау кезінде келесі критерийлерді басшылыққа алу керек: университеттің беделі (оның ішінде әлеуеті, халықаралық кеңістіктегі университеттің рейтингі, білім беру сапасы, білім беру бағдарламаларын халықаралық және Ұлттық аккредиттеу), сондай-ақ таңдалған мамандықтың еңбек нарығында сұранысы және әлеуметтік инфрақұрылымы (оның ішінде жатақханамен қамтамасыз етілуі). Еліміздің барлық университеттерінің ішінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (ҚазҰУ) ерекше орын алады, онда Жоғары қаржы-экономикалық білім беру бағдарламалары бойынша Экономика және Бизнес Жоғары мектебінде жүзеге асырылады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті еліміздегі жетекші жоғарғы оқу орны және ірі білім және ғылыми орталығы болып табылады. 1934 жылы іргесі қаланған ҚазҰУ әлемдік білім беру жүйесінде өз ұстанымын жақсартып келеді. Жалпы, даму бағыты халықаралық білім беру стандарты бойынша қабылданған. Университет жоғарғы білікті мамандарды даярлауға, әлемдік білім кеңістігінде интеграциялауға, өндіріске енгізілетін іргелі және

қолданбалы зерттеулерді дамытуға бағытталған кең көлемдегі білім, ғылым, рухани-тәрбиелілік, инновациялық және өндіріші негізіне ие. Университет құрамында 14 факультет, 98 кафедра, 20 ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтар, Технопарк қызмет атқарады.

Жыл сайын әлемнің жетекші университеттеріне профессор-оқытушылар құрамы мен студенттердің халықаралық ынтымақтастығы мен академиялық ұтқырлығы



кеңейіп келеді. Экономика және бизнес жоғары мектебінде білім беру заманауи инновациялық әдістерді қолдана отырып,

классикалық білім берудің озық дәстүрлері негізінде жүргізіледі.

Осыған байланысты ҚазҰУ Экономика және Бизнес Жоғары мектебінде «Экономика» білім беру бағдарламасы қазақстандық еңбек нарығының талаптарына сәйкес жана мазмұнмен толықтырылады. Сондай-ақ «Цифрлық экономика» атты жаңа білім беру бағдарламасы пайда болды. Әлемдік экономика мен жаһандық еңбек нарығының дамуы туралы болжамдарға сәйкес алдағы бес жылда осы бағдарламаның түлектері қазақстандық және әлемдік еңбек нарықтарында сұранысқа ие болады. Олардың дипломдары еңбек нарығында тар бейінді мамандықтарды бітіргендерге қарағанда артықшылыққа ие болады. Қазіргі уақытта ҚазҰУ Экономика және Бизнес Жоғары мектебінде кафедралар жанынан жұмыс берушілер кеңесін құру арқылы тұрақты негізде жұмыс берушілермен ынтымақтастық белсенді дамып келеді.

А.СМАҒҰЛОВ,
PHD, қауымдастырылған профессор
М.АБДРАЕВ

«1955 жылғы 29 мамыр күні Сырдария аудандық «Коммунизм таңы» газетінде тұңғыш мақала жарық көрді. Онда мен 16 жастамын. Содан ерінбей-жалықпай барлық газетке мақала жазып, жан-жаққа жібере беретін едім». Белгілі журналист, қарымды қаламгер Итен Қарымсақұлы өзінің журналистика саласына алғаш келген кезеңі жайында осылай деп еске алады. Міне, содан бері алпыс жылдан асқан қаламгерлік ғұмырында ардагер журналистің қолынан қаламы түскен емес.

Итен Қарымсақұлы 1939 жылы 20 сәуірде Қызылорда облысындағы Аманкелді ауылында дүниеге келді. Бұл қазақ елін қан қақсатқан репрессия мен аштықтан енді ес жиып жатқан кез еді. Көп ұзамай соғыс басталып, халыққа ауыртыпшылық әкелген зұлматты жылдар басталады.

Ол кісінің айтуынша, әкесі Әбсаттар мен анасы Әнипаның отбасында көпке дейін бала тұрмапты. Ұзақ күттіріп өмірге келген ұлды ағайын-туыс, көрші-қолаң көз тимесін деген ырыммен иттің бауырынан өткізіп, Итемген деген есім береді. Итен «майқұйрық» бала атанып, сонынан Сейтен, Дүйсен, Сұлтан есімді інілері ерген.

Мектеп қабырғасында жүргенде оянған жазуға деген құмарлық оны жергілікті басылымдардың редакциясына жетелей береді. 1958 жылы Қызылорда облыстық «Ленин жолы» газетінің редакциясына хат тіркеуші болып қызметке кіреді. «Арада көп уақыт өтпей мектеп қабырғасында оқып жүріп, мақала жазып, танымал болғандықтан, редакция алқа мүшелерінің ұсынысын газет редакторы З.Жарқынбаев пен хат бөлімінің меңгерушісі, қазақтың көрнекті ақыны Ә.Оңалбаев қолдап, еңбекшілер хаттары бөлімінің әдеби қызметкерлігіне жоғарылатты», — деп еске алады өзі.

1960-1963 жылдары Сведловск қаласында әскер қатарында қызмет етті, сержант-взвод командирі, әрі округтік әскери «Красный боец» газетінің штаттан тыс тілшісі болды. 1963 жылы елге оралысымен облыстық «Ленин жолы» газетінің жауапты хатшының орынбасары, әдеби қызметкер болып жұмыс істейді. Кейіннен «Сыр бойы» деп аталған басылым Итен Қарымсақұлының қарымды журналист болып шығуына жол ашты. Басылымның бас редакторы Ұзақ Бағаевтай белгілі тұлғаның тәрбиесін көріп, тәлімін алды. Қалам ұстауға әуес қызылордалық жастардың ұстаханасына айналған газет оның қанатын қатайтты, тәжірибе мектебіне айналды.

1971-1980 жылдар аралығында Торғай облыстық «Торғай таңы» газетінің редакциясында жауапты хатшының орынбасары, Жезқазған облыстық «Жезқазған туы» газетінің редакциясында бөлім меңгерушісі әрі алқа мүшесі қызметтерін атқарып, туған жеріне оралады.

1980-1985 жылдары Қызылорда қалалық кеңесі атқару комитетінің бөлім меңгерушісі. 1985-1996 жылдары Қызылорда облыстық «Сыр бойы»



СҮЛУ СӨЗДІҢ

шебері

“

Бұл тақырыпты алдыңнан көкөрай шалғынды кең жайлау көргендей көсіліп те, думанды той ішінде жүргендей шешіліп те жазуға болмайды. Бұл тақырыпты жазғанда әр сөйлем, әр сөзің түгілі, әр нүкте, әр үтіріне дейін жауаппен қарауың керек.

газетінің тілшісі, бөлім меңгерушісі, әрі облыстық прокуратураның бас маманы қызметін қоса атқарып, танымдық-құқықтық басылым «Прокуратура тынысы» газетін тұрақты түрде шығарды, редакциялық кеңестің мүшесі болды. «Газет жұмысының өте ауыр әрі аса қиын-қыстау кезінде жұмыс істедік. Әріп қолмен теріліп, бет жасалатын. Қайнаған қорғасын әріп болып құйылып, қол-басымыздың бәрінен қорғасын иісі аңқып тұратын-ды. Бет-аузымыз бояуға малынып, шаршап-шалдығып баспаханада түнімен жүретінбіз», — дейді Итен Қарымсақұлы.

Ол ұзақ жылдар бойы құқық тақырыбына қалам тербеді. Оған себеп, алғаш рет 1996 жылы Алматы қалалық прокуратурасында қала прокуроры, генерал М.Қалиевтің бастамасымен Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының қолдауымен тұңғыш баспасөз қызметі құрылады. Сөйтіп, сол қызметке Итен Қарымсақұлы тағайындалады. Бұған дейін 40 жылға жуық Қызылорда, Торғай және Жезқазған облыстық газеттерінің редакцияларында қатардағы хат тіркеуші болып еңбек жолын бастап, кейін әдеби қызметкер, тілші содан соң бөлім меңгерушісі, жауапты хатшының орынбасары секілді қызметтерді атқарған ол тәжірибелі журналист болатын. Арада бір жыл өткен соң, 1997 жылдың көктемінде Алматы қаласының прокуроры болып тағайындалған генерал Е.Мерзодиновтің бастама көтеруімен, оның бірінші орынбасары И.Меркельмен бірге прокуратураның тұңғыш

құқықтық, танымдық басылымы «Прокуратура хабаршысы» атты екі тілде шығатын газетін шығаруға қол жеткізеді. Ал 2002 жылы бұл газеттің аты «Тура жол» деп өзгертілді әрі қала құқық қорғау органдарының құқықтық, танымдық басылымы ретінде шығаруды жолға қойды. Газет екі тілде бірдей жарық көрді.

Замандастары Итен Қарымсақұлының кез келген мақаланы жазғанда да біліп, тінін тарқатып, әр сөзін қаққан шегедей етіп жазатындығын айтады. «Оның негізгі тақырыбы — құқық тақырыбы. Бұл тақырыпты алдыңнан көкөрай шалғынды кең жайлау көргендей көсіліп те, думанды той ішінде жүргендей шешіліп те жазуға болмайды. Бұл тақырыпты жазғанда әр сөйлем, әр сөзің түгілі, әр нүкте, әр үтіріне дейін жауаппен қарауың керек. Сондықтан әр сөзің мен әр тыныс белгісіне дейін қарауыл қойып сөйлемесең болмайды.

айтқанда, тәртіпті нығайту, құқықты қорғау, заңбұзушылықтың жолын кесу керек», — дейді.

Ол әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің түлегі. Бүкіл саналы ғұмырын қазақ журналистикасына арнаған журналист 1989 жылы «Еңбек ардагері» деген атаққа ие болады. «Есіме алсам, әлі бәрі күні кеше тәрізді. Ауылдағы он жылдық мектепті бітірдім, еңбекке араластым, әскерге алындым, содан соң тағы да бұраланы көп тіршіліктің қамымен екі қолға бір жұмыс дегенім жоқ, бірыңғай журналистік жолға түстім, ғұмырыма қаламды серік еттім» дейді өзі туралы ой толғанда автор.

Итен Қарымсақұлы өмірден көргені көп, түйгені мол журналистік ғұмырында өзі куә болған оқиғаларды жинақтап, кітап жазды. Жазушының «Қоңыр қалам» және «Адамдар. Жылдар. Тағдырлар» атты кітаптары оқырман назарына ұсынылды. Қоңыр қаламның иесі, қоңыр кісі атанған Итен Қарымсақұлының «Қоңыр қалам» кітабы алты бөлімнен тұрады. Өткен жылдардағы сан қилы кезеңдерде жазылған журналистік еңбек пен үздік ізденістің жемісін осы кітаптан көруге болады. Әрі автордың жүріп өткен жолы да кітаптың негізгі арқауы.

Кейіннен «Жүрек жазбалары» мен «Жаса, жарық күн», «Жақсының жарығы» жинақтары жарық көрді.

Зайыбы Күләйхан екеуі үш ұл, бір қыз тәрбиелеп өсірді. Тұңғыштары Серік Қарымсақов бүгінде іскерлік қабілетінің арқасында Қазақстанда ғана емес, шет мемлекеттерде қызмет етті. Индонезияның Алматыдағы құрметті консулы, «Қазақстан — Индонезия» іскерлік кеңесінің төрағасы қызметтерін атқарды. Одан кейінгі ұлдары Бақыт пен Сабыржан, қыздары Сәуле де түрлі салада еңбек етіп, белгілі бір кәсіп иесі атанды.

Итен ақсақал бүгінде сексеннің сенгіріне шықса да спорттан қол үзген емес. Бертінге дейін велосипед тепті. Алып мегаполис Алматыда өтетін велосиперулерге белсенді қатысатын. Қазір де күнделікті дағдысынан жаңылмай, жеңіл-желпі жаттығуды үзбей жасайды. «Алла берген қуат — денсаулықты күтіп, сауалаутты өмір сүру баршамызға жүктелген міндет. Дені саудың жаны да сау болады», — дейді Итен Қарымсақұлы.

Ұзақ жылғы табанды еңбегінің жемісін көрген қаламгер Итен Қарымсақұлы «Еңбек ардагері», «Қазақстан Республикасының прокуратурасына — 20 жыл» мерекелік медалінің, Қазақстанның Құрметті журналисі, Білім және ғылым министрлігінің Ы.Алтынсарин төсбелгісінің иегері. Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, Бас прокурорының Құрмет грамотасымен марапатталған. Қаламгердің бұған дейін өткен өмір жолына ақсақалдық көзбен қарап, тіршіліктен көргені мен көңіліне түйгенін қағаз бетіне қаттап түсіргені бізге мәлім. Белгілі ардагер журналист, сұлу сөздің шебері Итен Қарымсақұлының кейінгі ұрпаққа қалдырар мұрасы таусылмасын деген тілегіміз бар.

Марат САБЫРЖАН

АПАТТАН КЕЙІНГІ ЖАҒДАЙ РЕТТЕЛІП ЖАТЫР

Абай облысында тасқын судан зардап шеккен аудандарда жағдай тұрақталып қалды. Өз үйлеріне қайтқан тұрғындарға жан-жақты көмек көрсетіліп жатыр. Облыс әкімі Нұрлан Ұранхаев 17-18 сәуір күндері Ақсуат, Аягөз және Жарма аудандарына барып, жұртшылықпен кездесті.

Аймақ басшысы Ақсуат ауданына барған сапарында Кіндікті ауылының тұрғындарымен жүздесіп, олардың өтініштеріне ден қойды. Әкім жұртшылық тарапынан көтерілген мәселелердің орындалуын бақылауға алатындығын жеткізді. Сонымен қатар «Қарағанды—Аягөз—Боғас—Кіндікті» тасжолындағы көпірдің жайын көзімен көрді. Қазіргі уақытта көпірдің құрылыс жобасына сараптама жүргізіліп жатыр. Сараптама аяқталысымен жобаны жүзеге асыру басталады. Көпір құрылысының жұмыстары биылғы жылдың қараша айында аяқталады деп жоспарлануда.

Аягөз ауданына жасаған жұмыс сапарында облыс әкімі Нұрлан Ұранхаев Бозай ауылының тұрғындарымен кездесті. Бозайлықтар әкімге көпірді қалпына келтіру мен уақытша айналма жолдың мәселесін жеткізді.

Ауыл тұрғындарымен кездесуге құрылыс мекемелерінің жетекшілері де шақырылып, Бозай елді мекеніндегі автомобиль көпірін қалпына келтіру мерзімі бойынша өз ойларын ортаға салды. Сондай-



ақ көпір құрылысының жобалық-сметалық құжаттарын әзірлеу, көпір пайдалануға берілгенге дейін уақытша айналма жол салу мәселелері талқыланды. Облыс әкімі кездесуде айтылған мәселелердің барлығын өз бақылауына алатынын жеткізді. Аудан әкімі мен жауапты басқармаларға жұмысты жеделдету және айналма жол құрылысына үнемі мониторинг жүргізіп отыруды тапсырды.

Облыс әкімі Нұрлан Ұранхаев Аягөзге жасаған сапары барысында «Қуаныш» ықшам ауданында

салынып жатқан 600 орындық мектептің құрылыс жұмыстарын тексерді. Аталған құрылыс «Жайлы мектеп» жобасының аясында жүргізіліп жатыр. Қазір іргетас құйылып, үстіне дайын іргетас блоктары төселді. Сондай-ақ гидроизоляция және сейсмикалық белдеу жұмыстары жүргізілген.

«Жалпы, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында облысымызда 2025 жылға дейін 5 700 оқушыға арналған 11 мектептің құрылысы жоспарланған. Соның ішінде Семей қаласының Ақсай кентінде

600 орындық, Восточный (оң) кентінде 300 орындық, Қарағайлы ықшам ауданында 900 орындық, Аягөз ауданының Ақтоғай кенті, Ақсуат ауданы Екпін ауылы мен Жарма ауданының Қалбатау ауылында 300 орындық мектептің құрылысы бар», — деп атап өтті әкім халықпен кездесу барысында.

Облыс әкімі 18 сәуір күні Жарма ауданына қарасты Үшбиік ауылына барып, тасқын салдарынан үйлеріне су кірген тұрғындармен жүздесті. Ауыл халқы көтерген

мәселелерді тындап, елді мекеннің бүгінгі жағдайын соның ішінде су кірген үйлердің бірін өз көзімен көрді. Қазір су тасқыны бойынша аудандағы жағдай тұрақты. Су кірген үйлердің тұрғындарына барлық қажетті көмек көрсетілді.

Сапар барысында аудандық маңызы бар «Шар—Көшек» автомобиль жолы да назардан тыс қалмады. Облыс әкімі орынбасары Дмитрий Гариков пен аудан әкімі Жарқынбек Байсабыровка жолдарды қалпына келтіру жұмыстарын күшейту жөнінде тиісті тапсырмалар берді.

Аудан орталығы Қалбатауда ескерткіштердің аумағын тазарту, сондай-ақ бірқатар сәулет нысандарын ретке келтіру жұмыстары жүргізілген. Оның ішінде Нұрқасым Садықов атындағы саябақтың «Даңқ» аллеясының аумағында, Зере ана, Қалихан Алтынбаев, Тұрсынхан Әбдірахманова ескерткіштерінің жанында жұмыстар атқарылды. Сондай-ақ жазушы Әзілхан Нұршайықовқа арналған сквер тазартылды. Жарма ауданындағы 400-ге жуық адам қатысқан акцияға ауыл тұрғындары, мекемелер, ұйым қызметкерлері, аға буын өкілдері белсене атсалысып, жалпы саны 16 тарихи-мәдени ескерткіштің аумағы тазартылыпты. Жалпы, Абай облысында жүргізіліп жатқан «Киелі мекен» апталығы аясында барлық ескерткіштің аумағы тазаланып, ретке келтірілетін болады.

Ұлағат БЕКБОЛАТ

Елімізде су тасқынынан туындаған мәселе күн санап күрделеніп барады. Оның ішінде батыс өңіріндегі ахуал алаңдатарлық күйде тұр. Осы орайда «тасқыннан қауіп жоқ па?» деген сауал Сыр жұртшылығын да толғандыратыны ақиқат. Шығында Қызылорда облысындағы қазіргі ахуал қалай?

ТАСҚЫН ҚАУІП ЖОҚ, БІРАҚ БОСАҢСУҒА БОЛМАЙДЫ

Мемлекет басшысы еліміздегі бірқатар өңірде тасқын қаупі сезілген тұста табиғи апатқа қарсы іс-шараларды үйлестіру және су тасқыны салдарын жою жөніндегі республикалық штабтың отырысын өткізгені белгілі. Онда су құрсауында қалған халықты қауіпсіз жерге көшіру және қарғын судан зардап шеккен азаматтарға қажетті көмек беруге ерекше назар аударды. Әрбір облыс тасқынға тосқын болуға тастүйін дайындық жүргізу қажеті де айтылды.

Өз кезегінде Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аталған мәселе бойынша тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар беріп, өз бақылауына алды. Бұл жайында облыс әкімдігінде өткен арнайы мәжілісте аймақ басшысы нақты тоқталып өткен болатын. «Өңірдегі елді мекендерді су басу қаупі жоқ. Дегенмен апат айтып келмейді. Алдын алу шаралары қатаң бақылауда болуы қажет. Бұл тұрғыда «Су тасқынына қарсы іс-шаралар» Жол картасына облысқа қатысты 17 іс-шара еніп,

СЫРДАН ТӨНЕР ҚАТЕР ЖОҚ

жүзеге асырылуда. Осы орайда еліміздің тасқыннан зардап шеккен өңірлеріне көмек көрсету бағытындағы жұмыстарды үйлестіру де аса маңызды. Осындай қиын кезеңде бірлігімізді көрсету қажет», — деді облыс әкімі Нұрлыбек Мәшбекұлы.

Нақты мәліметке сәйкес, бүгінгі күнге облыс аумағына 339 текше метр көлемінде су түсуде. Өткен жылдың есепті кезеңінде бұл көрсеткіш 314 текше метрді көрсеткен. Демек, токмейілсуге болмайды. Бүгінде аймағымызда орналасқан су қоймалары транзиттік режимде жұмыс жүргізуде.

ДАЙЫНДЫҚ ШАРАЛАРЫ КҮНДЕЛІКТІ БАҚЫЛАУДА

Көктемнің алғашқы айында облысқа қарасты Арал ауданының Ақеспе ауылы маңындағы «Бозой—Шымкент» газ құбырына қызмет көрсететін техникалық жолды су шайып, өңір жұртын дүрліктерген еді. Бұл бірінші кезекте, Ақеспе елді мекені халқының Жол қатынасына қиындық туғызды. Алайда су шаю қаупі дер уақытында ауыздықталып, тиісті шаралар атқарылды. Жауапты орындар бұл келеңсіздікті аудан тұрғындарына еріген қар суының салдары деп түсіндірді. «Арал аумағында төтенше жағдай болған жерге аудан әкімі бастаған жұмыс тобы арнайы барды. Тиісті мекемелер мен жауапты сала басшылары мәселені қатаң бақылауда ұстап, дер кезінде қал-



пына келтіру жұмыстарын жүргізді. Осы орайда аудандық маңызы бар «Ақеспе елді мекеніне кіреберіс 6 шақырым автомобиль жолының құрылысына 2023 жылы жобасметалық құжаттамасы әзірленіп, мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды. Жобаның жалпы құны — 497 876,0 мың теңге. Бүгінде қажетті қаржыны сұрату мақсатында облыстық Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына бюджеттік өтінім тапсырылды», — деп мәлімдеді бұл жайында бізге Арал ауданы әкімінің баспасөз қызметі.

Ал жауапты сала мамандары тарапынан, бүгінде облыста ахуал тұрақты екенін алға тартады. Тасқын қаупі төніп тұрған жоқ. Дейтұрғанмен, бақылау, тасқын-

ның алдын алу шаралары тұрақты жүріп келеді. «Су тасқынының дайындық шаралары күнделікті бақылауда. Қазір су деңгейі бірқалыпты. Тасқын судың қаупі жоқ. Көп ұзамай егіске су беру жұмыстары қолға алынатын болады. Бүгінде осы бағытта жұмыс жүріп жатыр», — деп түсіндірді бізге «Арал—Сырдария» бассейндік инспекциясы басшысының орынбасары Зейнулла Қазтоғанов.

Оның айтуынша, нақты уақытта Шардара су қоймасында 4 млрд 705 млн текше метр су бар. Ал Көксарайда 1 млрд 473 млн текше метр су жиналған. Оның ішінде Шардарадан секундына — 200, Көксарайдан — 100 текше метр су Қызылорда облысына құйылып жатыр.

СЫР ӨНІРІ ҚОЛДАУДАН ҚАЛЫС ҚАЛМАДЫ

Елімізде табиғи апаттың салқынын сезінген өңірлерге үздіксіз көмек көрсетіліп жатыр. Бұл тұрғыда Қызылорда облысы да қолдау білдірді.

Бұған дейін су тасқыны болған аймақтарға көмекке 296 қызылордалық құтқарушы, 135 техника жіберілді.

Тасқынның зардабын тартқан өңірлерге гуманитарлық көмек көрсету мақсатында қала және аудан әкімдіктері «Күшіміз — бірлікте» акциясын ұйымдастырып отыр. Оған облыстың жанашыр азаматтары мен еріктілері үлес қосуда. Соның негізінде арнайы жинақтау пункттері де ашылып, жұмыс істеуде. Осы пункттерге су тасқыны басталғаннан бүгінгі күнге дейін Сыр өңірінен 150 млн теңгенің гуманитарлық көмегі жөнелтілген.

Соңғы мәліметке сәйкес, Сыр өңірінен Батыс Қазақстан облысына арнайы техникалар жіберіліп жатыр. Нақты айтқанда, су тасқыны болған аймаққа Қызылорда облысы әкімдігінің қолдауымен 106 арнайы техника жөнелтілген. Техникалар қажеттілігіне қарай бір тәулік ішінде әзірленіп, теміржол арқылы жіберілген. Мұндай қолдау шаралары әлі де жалғасып жатыр.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы



ВЕНГЕРЛІК АРУ ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНЕ ҒАШЫҚ

Түркістанда қазақ мәдениетіне ғашық венгер қызы бар. Бүгінде Қ. Ясауи университетінде білім алып жүрген бойжеткен біздің мәдениетімізге Венгрияда мектепте жүрген кезінен ғашық болған екен. Сонда жүріп қазақстандық қобызшы Мақсат Медеубектен онлайн сабақ алған. Қазақ музыка өнеріне деген махаббаты оны ақыры Қазақстанға жетелеп алып келіпті.

Назгүл НАЗАРБЕК

Венгер қызы Богларка Фехер алты жасынан виолончельде ойнаған. Ол бірде Қазақстаннан келген «Тұран» этнографиялық ансамблінің концертіне қатысып, қазақ мәдениетіне бар жан-тәнімен ғашық болады. «Іс-шара түркі халықтарының V үлкен құрылтайы аясында ұйымдастырылған. Құрылтай екі жылда бір рет Венгрияның Бугац қалашығының (Bugac) жанындағы «Кишкуншаг» ұлттық саябағында

өтеді және әлемдегі халықтық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды көрсететін ең үлкен форумдардың бірі. Бұл іс-шара маған қазақтың ұлттық аспаптарымен шырқалған әндерді тыңдағандағы әсерімді тілмен жеткізе алмайтындай керемет әсер сыйлады. Этникалық мотивтегі көмейден шыққан сырлы саздар мені өзіне еріксіз баурап алды. Концерттен әсер алғаным сонша, өмірім, көзқарасым түбегейлі өзгерді. Бұл елге міндетті түрде баруым керек деп шешім қабылдадым», — дейді Богларка. Ата-анасы перзентінің бұл шешімін қолдап, бетін қайтармай-

ды. Венгерлік ару Қазақстанға баруға, сонда білім алуға біртіндеп дайындала берді. Венгрияда тұратын этникалық қазақ Оңайша Мандокиден қазақ тілі сабақтарын алды.

Оңайша Мандоки шәкіртіне Түркістандағы халықаралық қазақ-түрік университетіне шетелдіктердің грантпен оқуға түсуге мүмкіндігі бар екен-

нан қолдап, тілдік ортаны қамтамасыз еткен достарыма рақмет. Жалпы, қазақ тілі күрделі деп санайтындарға олай емес екенін айтқым келеді. Абай шығармаларын түпнұсқада оқығанымды мақтан тұтамын, венгр және қазақ тілдерінде ұқсас сөздер көп. Мысалы, кез келген қазақ венгр тіліндегі «кош» (кошқар), «сакал» (сақал), «аня» (ана), «алма» (алма), «керек» (маған керек), «кичи» (кішкентай), деген сөздерді түсінеді. Менің ойымша, адам неғұрлым көп тіл білсе, оның жаны соғұрлым бай болады. Ежелгі Рим тарихшысы және жазушысы Квинт Энниус Тацит өзінің үш жүрегі, үш жаны бар екенін айтты, өйткені ол грек, оскс және латын тілдерінде сөйлей алады.



нін айтады. Осылайша, Богларка өзінің көптен күткен арманы қазақ еліне келуіне жол ашылып, Қ. Ясауи университетіне оқуға түседі. Бастапқыда университетте шетелдіктерге арналған дайындық курсы бітірді. Бір жыл бойы әртүрлі елдің студенттерімен бірге қазақ тілін үйренеді. Одан кейін өзінің қалауы бойынша Богларка «Дәстүрлі музыкалық өнер» мамандығы бойынша оқи бастады.

«Тілдерді үйрену маған өте оңай болды. Мені барлық жағы-

Шет тілдерін үйрену өзіңізге бірнеше жерде өмір сүруге, бірнеше жанға ие болуға және өз ойыңызды білдіруге көп мүмкіндік беру. Жеке өзім мектептен бастап ағылшын және неміс тілдерін білемін, қазір орыс тілін үйреніп жатырмын», — деп өзі туралы сыр ақтарды Богларка Фехер.

Қазақтың тілін ғана емес, домбырасы мен қобызын ұршықша иретін шетелдік ару Венгрияның Кешег ауылынан шыққан. Биыл өзі қалаған ма-

мандығы бойынша дипломын алатын бойжеткеннің арманы көп. Богларка Түркістан облысында түрлі концертте өнер көрсететін Е. Кәумбаев басқаратын «Саркыт» ансамбліне ойнайды. Кейіпкеріміз «Қобыз дыбыстары сиқырлы күшке және ерекше жұмсақ тембрге ие», — дейді. Богларканың өзінің тапсырысы бойынша жасалған қобыз бар. Ол әйгілі композиторлардың шығармаларын орындап қана қоймай, өзі де ән жазады. Орындайтын күйлерінің бірқатарының авторы өзі. Ол келешекте өз елінің тұрғындарын қазақ халық музыкасымен және ұлттық мәдениетімен таныстырғысы келетінін айтады. Мысалы, оның репертуарында «Дала ірімшігі» күйі бар. Бұл — ел мен халықты сүйеге арналған өте әдемі әуен.

Университетті тәмамдаған соң Отанына оралатынын айтқан ол, онда отбасын құрып, жұмыс істеп, қазақ мәдениетін насихаттауды жоспарлап отыр. Богларка Қазақстан мен Венгрия арасындағы мәдени байланыстарды нығайтуға өз үлесін қосуды жоспарлап отыр. Бірақ оның жүрегінде Қазақстанға деген сүйіспеншілік мәңгілік өшпейтінін, болашақта балаларын Түркістанға әкелуді армандайтынын жеткізді. Көз алдында ежелгі қаланың өзгеріп, жаңа кейіпке енгеніне қуанады. «Бүгінде Түркістан барлық қазақстандықтың мақтанышы, түркі әлемінің рухани астанасы» дейді ол.

Өткен жылдың соңында Богларка қазақ мәдениетін дамытуға қосқан үлесі үшін Президент Қ. Тоқаевтың атынан алғысхат пен төс белгі иеленді. Сонымен бірге шетелдік кейіпкеріміз Қазақстанда болған 5 жылда халықтық рәсімдерді көруге болатын түрлі мерекеге қатысып, салт-дәстүрімізге қаныққанын, үйлену тойларына, бесікке және басқа да отбасылық іс-шараларға шақырылғанын айтады. Оған қазақтың жаңа туған нәрестенің атын тандағанда мағынасына үлкен мән беретіні ұнайды.

Біз қазақ мәдениетіне осынша ғашық қызға сүйсініп, ақ жол тіледік.

Түркістан облысы



ОТАНДЫҚ ҒЫЛЫМНЫҢ КӨКЖИЕГІ КЕҢ

Биыл Астана медицина университеті Радиобиология және радиациялық қорғау ғылыми-зерттеу институтының ашылғанына 20 жыл толып отыр. Осыған орай оқу орнында «Қазақстанның уран және мұнай өндіретін өңірлеріндегі медициналық-биологиялық және экологиялық мәселелері» атты X республикалық конференция өтті.

Конференцияда иондаушы сәулеленудің шағын дозаларының радиобиологиялық әсерлері, радиоэкологиялық ахуал және қызметкерлерді радиациялық қауіптен қорғау, радиациялық қауіпті нысандардың аймағында тұратын халықтың денсаулығына қатысты өзекті мәселелер талқыланды.

Алқалы жиынға ДСМ Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің төрағасы Нұрқан Сәдуақасов қатысып, іргелі орталықтың отандық ғылымды дамытудағы маңыздылығын атап өтті.

«Радиобиология және радиациялық қорғау ғылыми-зерттеу

институты ел Үкіметінің алдына қойылған маңызды міндеттерді орындауға көмектесіп келеді. Айталық, институттың ғылымға қажетті кадрларды дайындауда септігі мол. Халықаралық қызмет бағытында да елеулі жетістіктері бар. Мәселен, Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттігі мен Жапонияның және Ресейдің ғылыми-зерттеу институттарымен бірнеше келісім жасалды», — деді ведомство басшысы.

Аталған институт 2004 жылы Радиобиологиялық ғылыми-зерттеу орталығының негізінде профессор Полат Қазымбетұлының

бастамасымен құрылған. 2010 жылы Радиобиологиялық зерттеулер институты болып, ал 2014 жылы Радиобиология және радиациядан қорғау институты ретінде трансформациялаудан өтті.

Астана медицина университетінің басқарма төрағасы, ректор Камалжан Надыровтың айтуынша, бірегей орталықтың ғылыми-зерттеу жұмыстарын іске асыруда қосқан үлесі зор.

«Қазір бейбіт атомды медицина мен өнеркәсіпте қолдануда экологиялық және адамның қауіпсіздігін ескеру қажет. Бұл — бүгінгі күннің басты талабы. Осы бағытта Астана медицина университетінің Радиобиология және радиациялық қорғау ғылыми-зерттеу институты нәтижелі жұмыс атқарып келеді. 20 жыл бұрын құрылған институт медицина ғылымына үлес қосып, университеттің құрамында жоғары білікті



мамандарды дайындайтын еліміздегі іргелі зерттеу орталықтардың біріне айналды. Бұл институтты ғылыми-әдістемелік координациялық орталық ретінде жоғары бағалаймыз», — деді К. Талғатұлы. Бұдан басқа, келелі жиында иондаушы сәулеленудің төмен деңгейінің биологиялық әсері, кәсіби сәулеленуге ұшыраған адамдардың және техногенді өз-

герген радиациялық фоны бар аумақтарда тұратын халықтың денсаулық жағдайын бағалау, сондай-ақ уран және мұнай өндіретін өңірлердегі радон қауіпсіздігі мәселелері пысықталып, мамандар қордаланған проблемалардың түйінін тарқатудың амалдарын қарастырды.

Сымбат БЕГІМБАЕВА

Қырғызстан астанасында Азияның үздік балуандары бақ сынап жатыр. Кеше күрес түрлерінен Олимпиадаға іріктеу турнирі басталды. Ал апта басында бес күнге созылған құрлық чемпионаты мәресіне жетті. Сары құрлық бәсекесінде Қазақстан құрамасы күрестің үш түрінен 12 медаль жеңіп алды. Былтырғы біріншілікпен салыстырғанда алтын саны аз, оның үстіне көп жағдайда Олимпиадаға өнбейтін салмақтарда жүлде алдық. AIQYN-ның тілшісі Бішкек төріндегі тартысты белдесулерді сараптап көрді.

**ЕРКІН КҮРЕС:
БЫЛТЫРҒЫДАН
3 АЛТЫН КЕМ**

Былтыр Астанада өткен Азия чемпионатында еркін күрес шеберлері 4 алтын иеленіп, Азияда сенімді түрде көш бастаған. Биыл бұл нәтижені сақтау мүмкін болмады. Оның ең басты себебі – ұлттық құрамадағы бірінші нөмірлі балуандардың Олимпиадаға іріктеу турнирінде бақ сынауы. Еркін күрес шеберлері арасынан Париж ойындарына жалғыз жолдаманы былтыр Азамат Дәулетбеков иеленген. Қалған балуандар өз мүмкіндіктерін лицензиялық жарыстан іздеп көрмек.

Хош, Бішкектегі Азия біріншілігінде 86 келі салмақтағы Азамат Дәулетбеков топ жарды. Азамат осы салмақта әлемдік деңгейдегі балуан екенін тағы бір дәлелдеді. Себебі шығыстың ұланы қатарынан үшінші рет құрлық сынында жеңіске жетіп, Азияның үш дүркін чемпионы атанып отыр. Мұндай атақ қазақ балуандарына көп бұйыра бермейтінін де ұмытпаңыз.

Азамат турнир барысында өзіне өте сенімді көрінді, ал финалда әккі қарсыласы, Өзбекстан атынан сынға түсетін Жабраил Шапиевтен басым түсті. Азамат тап осы балуаннан екі ірі жарыста ұтылған еді. Алдымен Токио Олимпиадасына жолдама беретін лицензиялық жарыста жол берсе, кейін Ханчжоудағы Азия чемпионатында тізе бүкті. Осы екі турнирдегі есесін Азамат Бішкек төрінде қайтарып, өзінің бабында екенін көрсетті.

«Бішкекте Азия чемпионатының үшінші алтынын иеленген соң, өзіме деген сенім арта түсті. Оның үстіне, құрлық додасы Олимпиада қарсаңында өткізіліп отыр. Финалдағы қарсыласым – Өзбекстан атынан сынға түсетін дағыстандық жігіт. Ол менің басты қарсыластарымның бірі. Соңғы екі жарыста оған есе жіберіп алдым. Алдымен Алматыда өткен Азия аймақтық Олимпиадаға іріктеу турнирінде ұтылсам, былтыр Азия ойындарында жол бердім. Сондықтан актық сында барымды салдым. Одан бөлек, қазір еліміз қиын кезеңді бастан кешуде. Ел аймақтарын су басып, халық үйлерін тастап, қашуға мәжбүр болуда. Осындай сындарлы сәтте жанкүйерлерді қуантқым келді. Осы жеңісімді су тасқынынан зардап шеккен халыққа арнаймын», – деді жарыстан соң сөз алған балуан.

Осы жеңістен кейін Азамат Дәулетбеков Біріккен күрес әлемінің (UWW) рейтингінде 1-орынға көтерілді.

Одан бөлек, Асыл Айтақын (61 келі) мен Ризабек Айт-

мұхан (97 келі) күміс, Мейрамбек Қартбай (57 келі) қола жүлдегер атанды. Асыл олимпиадалық емес салмақта алғаш рет жүлдеге илігіп отыр. Бапкерлер оған сәл ғана тәжірибенің жетпегенін айтады. Ал Мейрамбек былтырғы әлем чемпионатында жартылай финалға жетіп, кейін қола медаль үшін күресте ұтылды. Тіпті, жолдама үшін таласта да жеңіліс тапқан еді. Енді Бішкектегі жетістігінен соң ол күрестен соңғы лицензиялық турнирге қатысуы мүмкін. Себебі Олимпиадаға



**БІШКЕК
ТӨРІНДЕГІ БӘСЕКЕ:**

**БАЛУАНДАР
ЕКІ АЛТЫНМЕН
АЯҚТАДЫ**



63 келі салмақта жамбылдық Ержет Жарлықасын өз мансабында тұңғыш рет Азия чемпионы атанды. Ержет бұған дейін ұлттық құрама сапында мұндай ірі жарыстарға қатыспаған. Өзі белдескен алғашқы ресми түрде бірден алтын алғаны жанкүйер үмітін жалғай түсті.



іріктеу сынына қатысқан Ерасыл Мұхтарұлы (57 келі) бірінші белдесуде ұтылып қалды.

Ал Ризабек туралы әңгіме бөлек. Олимпиадалық салмақта ауысқан ол финалға сүрінбей жетіп, актық сында Бахрейн атынан белдесетін дағыстандық Ахмед Тажудиновке есе 2:4 есебімен жол берді. Былтырғы әлем чемпионатында екі балуан да чемпион атанған еді. Ризабек 92, Ахмед 97 келіде атой салған. Енді міне, екі мықтының жолы Азия чемпионатында түйісті. Мамандар Ризабек Айтмұханның бұл салмақта бейімделіп келе жатқанына жігіт мән беруде. Тіпті, Ахмедтен таза жеңілді деуге ауыз бармайды. Белдесу соңына қарай есепті теңестіріп кетуге аз қалды. Егер осы қарқынынан таймаса, Ризабекті Олимпиада ойындарында көріп қалуымыз мүмкін.

**ӘЙЕЛДЕР КҮРЕСІ:
БҰРЫМДЫ БАЛУАНДАРДА
АЛТЫН ЖОҚ**

Қайрат Сағадиев жаттықтыратын Қазақстан әйелдер құрамасы Бішкекте 4 қола медаль еншіледі. Мұнда алтынға басты үміткер 76 келідегі Эльмира Сыздықова болатын. Рио Олимпиада-

сының жүлдегері осы жолы үш дүркін Азия чемпионы атанады деп күткенбіз. Бірақ Сыздықованың былтырғы жаракаты әлі де сыр беруде. Эльмира жартылай финалда қырғыз күресінің жұлдызы Айпері Медетқызынан ұтылып, турнирді қоламен аяқтады.

57 келідегі Лаура Алмағанбетова ересектер арасындағы алғашқы ірі жеңісіне қол жеткізіп отыр. Бас бапкер балуанның аяқ алысын жоғары бағалауда.

Лаурадан бөлек, 72 келіде жүлдегері атанған Анастасия Панасович те бапкерлер құрамына қуантты. Екі балуан да ұлттық құрама сапындағы үздік нәтижелерін тіркеді.

Ал 59 келіде тәжірибелі Диана Каюмова қола медаль иеленді.

Әйелдер күресінен құраманың бірінші нөмірлі спортшыларының Азия аймақтық лицензиялық турнирге қатысып жатқанын еске саламыз. Ал бапкер болса, бұл жетістіктің жаман емесін айтады.

«Әйелдер күресі Азия құрлығында өте жақсы дамыған. Әлем

чемпионаттары мен Олимпиада ойындарында да негізінен азиялық қыздар топ жарады. Олимпиаданың екі дүркін, төрт дүркін чемпиондары да осы сары құрлықтан шықты. Жапония, Қытай, Моңғолия құрамаларымен әлем санасады. Үндістан да жақсы дамып келеді. Оның үстіне Азиядағы үздік балуандардың бұдан көпшілігі Олимпиада жолдамасын алып қойған. Сондықтан бірінші нөмірлердің барлығы дерлік Азия чемпионатына қатысты», – дейді бас бапкер Қайрат Сағадиев.

**ГРЕК-РИМ КҮРЕСІ:
ЕРЖЕТТІҢ ЖЕҢІСІ**

«Классикалық» күрес шеберлері Бішкектегі Азия чемпионатының шымылдығын жапты. Олимпиада чемпионы Юрий Мельниченко жаттықтыратын

команда жас балуанның жұлдызын жақты.

63 келі салмақта жамбылдық Ержет Жарлықасын өз мансабында тұңғыш рет Азия чемпионы атанды. Ержет бұған дейін ұлттық құрама сапында мұндай ірі жарыстарға қатыспаған. Өзі белдескен алғашқы ресми турнирде бірден алтын алғаны жанкүйер үмітін жалғай түсті.

Турнир барысында Ержет Жарлықасын Оңтүстік Корея, Сауд Арабиясы, Солтүстік Корея балуандарын жеңіп, финалда жапондық Аята Сузукимен белдесті. Аятанын Ержетке қарағанда тәжірибесі де, жүлдесі де көп. Ол былтыр 60 келі салмақта Азия ойындарының күміс жүлдегері атанса, Азия чемпионатында екі рет қола медаль жеңіп алған.

Финал өте тартысты өтіп, 6:6 есебімен тең аяқталды. Алайда әдіс сапасы бойынша Ержет Жарлықасын Азия чемпионатының алтынын иеленді.

«Жартылай финал және финалдағы қарсыластарым қиындық тудырды. Әсіресе, Солтүстік Корея балуаны физикалық тұрғыдан өте мықты екен.

Ешкім жарысқа жеңілемін деп келмейді. Бәрімізде де алтын алсақ деген арман бар. Бұл жетістігіме бапкерлерім де, ата-ана, туыстарым да қуанып жатыр. Бірақ өзім жеңіске жетіп, чемпион атанғанымды қатты сезіне қоймадым. Мүмкін, шаршағаным әсер еткен шығар. Енді мұнымен тоқтап қалмайтынымыз анық. Алда әлем чемпионаты бар. Сол сынға қатысып, абыроймен оралсам деген ойым бар», – дейді Ержет.

Грек-рим күресінен 87 келідегі Нұрсұлтан Тұрсынов күміс жүлдегер атанды. Отыздан асқан балуанымызға 2014 жылдан кейін Азияның алтыны бұйырмай келеді. Ол былтыр да өзін финалда жеңіп кеткен ирандық Насер Гасем Ализадеге тағы айла көрсете алмады. Тұрсынов тап осы Ализадеден үшінші рет ұтылып отыр.

Олимпиадалық салмақ саналатын 77 келіге ауысқан Ибрагим Магомадовтың да қарқыны жаман емес. Былтыр «классиктерге» Азияның жалғыз алтынын сыйлаған осы Ибрагим еді. Сол сынан соң ол бірден олимпиадалық салмақта ауысып кетті. Бішкекте Магомадов айтарлықтай жақсы күресті. Тіпті, жартылай финалда жанкүйер арасында «акула» атымен танылған әлемнің екі дүркін чемпионы, қырғыз балуаны Ақжол Махмұдовпен терезесі тең өнер көрсетті.

Ал 97 келідегі жас балуан Юсуф Мациевке тәжірибе жетіспеді. Ол финалда әлем және Азия ойындарының чемпионы, ирандық Мохаммедхади Саравиге қауқар көрсете алмады.

Тағы үш балуанымыз қола медаль үшін күресте қарсыласқа жол беріп, жарысты бесінші орынмен аяқтады. Олар – Ғалым Қабунасаров (60 келі), Алматық Аманбек (67 келі) және Әділхан Сатаев (72 келі).

Ақырыс СЕЙТҚАЗЫ



Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор
Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Ақмола облысы
Алматы облысы
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Нәзгу НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖААҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
rekama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4432
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114.